



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№7 (647)
12 АҚПАН,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ



Кейінгі жылдары әлемде урбанизация үдерісі күшейіп, халықтың басым бөлігі қалаға шоғырлануда. Бұл құбылыс Қазақстанға да төн. Жастардың жұмыс, білім, жайлы өмір іздеп ауылдан көшуі, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, әлеуметтік мүмкіндіктердің шектеулі болуы салдарынан бірқатар ауылдардың болашағы бұлыңғырланып барады. Егер болашақта ауылдар жойылып кетсе, бұл жай ғана демографиялық өзгеріс емес, мемлекеттің экономикалық қуатына, азық-түлік қауіпсіздігіне, мәдени тұтастығына және аумақтық тұрақтылығына тікелей әсер ететін күрделі ұлттық мәселеге айналады.

2026 жылғы 2 ақпанда Ұлттық статистика бюросы ел халқының санына қатысты жаңартылған ресми деректерді жариялады. Ұсынылған мәліметтерге қарап, Қазақстанда урбанизация үдерісі үздіксіз жалғасып жатқанына тағы бір көзіміз жеткендей болды.

2

АЯЖАН ӘСІЛ:

Жастарды әрекетпен ғана емес, жырман де дамуға шақырған Мағжан Жұмабаев елдің бүгінгі буынына үлкен сенім артты. Өзі жарық күнге айналып, қазақтың баласы білімге жақын, дарынды болсын деп, түрлі жоба жасап, білім беріп, тіпті қалам тербеген тұлға боп есте қалды.

ҚАНША ҚИЫН БОЛСА ДА, АДАМ БОЛЫП ҚАЛУДЫ ҰМЫТПА

Сіз бен бізге «жалындау» керектігін айтқан ақын қазіргі күнді көрмесе де, сенді. Солай болса екен деп тіледі. Расында жазушы Жұмабаевтың өлең жолдарында кездесетін «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жандар аз емес. Көзінде оты бар, ішкі жауапкершілігі берік бұл буын өзін де, қоғамды да қатар дамытып келеді.

Солардың бірі – Аяжан Әсіл. Өмірін білім саласымен байланыстырған жас маман бүгінде Шахтинск қаласындағы №7 жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнінен сабақ береді.

Мұнан бөлек спортпен айналысады, шығармашылыққа жақын, әлеуметтік желіде блог жүргізеді. Ол мұғалімнің қоғамдағы рөлі үйреншікті шеңбермен шектелмейтінін ісімен көрсетіп жүр. Осы орайда жас маманмен сұхбаттасып, замандастың көзқарасы мен ой-толғамын тыңдаған едік.

5-БЕТТЕ

АЙБОЛАТ СМАҒҰЛОВ:



Адам денсаулығы – қоғамның ең басты құндылығы. Денсаулықты сақтау тек жеке жауапкершілік емес, ол – мемлекет пен медицина жүйесінің ортақ миссиясы. Ал осы жауапкершілік ең ауыр салмақпен сезілетін бағыттардың бірі – онкология. Осындай күрделі жолды саналы түрде таңдаған, күн сайын адам тағдырының таразыға түсу сәтімен бетпе-бет келіп жүрген мамандардың бірі – Айболат Смағұлов.

КЕЙДЕ МАҒАН АДАМДАР ӨЗІНЕ ӨЗІ ЖАУ СЕКІЛДІ КӨРІНЕДІ

Ол – Қызылорда облыстық онкологиялық орталығы директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары, жоғары санатты онколог-дәрігер, хирург, MBA дәрежесінің иегері, PhD докторанты. Бүгінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында «California State University» университетінде білімін жетілдіріп жүрген дәрігермен байланысудың сәті түсіп, онкология саласының өзекті мәселелері, отандық медицинаның даму бағыттары және халықаралық тәжірибенің маңызы жөнінде мазмұнды әңгіме өрбіттік.

4-БЕТТЕ



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ТӨРІМІЗДЕ БОЛСЫН

6-БЕТТЕ



КӨГІЛДІР ЭКРАНДАҒЫ «БЕСІК ЖЫРЫ»


Бүгінгі таңда мультфильм жай ғана ойын-сауық құралы емес, идеологиялық қару, бала тәрбиесінің іргетасы және ұлттық кодты насихаттайтын көмекші. Әсіресе, цифрлық заманда көгілдір экранның алдында отыратын балалар саны артып, қазіргі бала бесік жырынан бұрын, смартфоннан мультфильм көріп өседі. Бұл дегеніміз бала тәрбиені ең бірінші мультфильмдерден, әлеуметтік желіден алады деген сөз. Ал олар тұтынатын контенттің халі қандай? Біздің балалар не көріп өседі? Осы сұрақтар теңірегінде тереңірек толғанып көрейік.

Қазақ анимациясының тарихы XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастау алады. Оның негізін қалаушы – Әмен Қайдаров. 1967 жылы жарыққа шыққан «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмі қазақ өнеріндегі нағыз революция болды. Бұл туынды тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық фестивальдерде жүлде алып, қазақ фольклорын әлемге танытты.

Әмен Қайдаровтың ізімен «Ақсақ құлан», «Қожанасыр», «Алпамыс батыр» сияқты классикалық туындылар дүниеге келді. Ол кездегі анимацияның ерекшелігі – әр кадр мұқият салынып, идеалға айналмай экранға шықпайтыны. Оларды теледидардан көрсетіп жатқан кезде балалармен қатар үлкендер де асыға күтеді. 90-шы жылдарда бұл сала біраз кенжелеп қалғанымен, тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жандана бастады.



3



УАҚЫП - ЖАҚСЫЛЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ САУАПТЫ ІС

7

Басы 1-бетте

Халық ауыл-аймақтардан ірі калаларға қоныс аударуы толастар емес. Былтырғы 2025 жылдың он айында елде ауыл халқының саны 0,59 пайызға азайған. Атап айтқанда жыл басында 7 502 386 адам болса, жыл соңындағы санақ бойынша ауыл тұрғындары саны 7 миллион 465 мың 800 адам болып кеміген. Ал одан әріге барар болсақ, 2024 жылдың басында ауыл халқының саны 7 582 542 болса, аталған жылдың соңында бұл сан 7 миллион 466 мың адам болып тіркелген.

Тақырыбымызға тұздық болсын деп, Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы желтоқсан айында жариялаған деректеріне үнілдік.

– Жетісу облыс халқының саны 687,9 мың, ауылдықтар 377,1 мың адам (54,8%).

– Ұлытау облыс халқының саны 219,2 мың, ауылдықтар – 44,9 мың адам (20,5%).

2026 жылғы демографиялық көрсеткіштерге сүйенсек, бүгінде еліміздегі жалпы халық саны 20 495 975 адамға жетіп отыр. Оның ішінде 63,5 пайызы, яғни 13 029 803 адам қала халқы санатында. Ал ауыл халқы 36,4 пайызы, яки 7 466 172 адам. Бұл сан бұрынғы статистикада айтылатын «Қазақстан халқының шамамен үштен бірі ауылда тұрады» деген көрсеткішке келеді. Яғни елдегі әр үш адамның



АЛТЫН БЕСІК БОС ҚАЛМАСЫН...

– Алматы облысы халқының саны 1592,7 мың, ауыл тұрғындары – 1284,4 мың адам (80,6%).

– Ақтөбе облысы халқының саны 955,3 мың, ауыл тұрғындары – 226,9 мың адам (23,8%).

– Атырау облысы халқының саны 715,4 мың, ауылдықтар – 322,7 мың адам (45,1%).

– Ақмола облыс халқының саны 789,0 мың, ауылдықтар – 332,7 мың адам (42,2%).

– БҚО халқының саны 695,6 мың, ауылдықтар – 294,3 мың адам (42,3%).

– ШҚО халқының саны 719,4 мың, ауыл тұрғындары – 232,8 мың адам (32,4%).

– Жамбыл облысы халқының саны 1215,9 мың, ауыл тұрғындары – 677,6 мың адам (55,7%).

– Қарағанды облыс халқының саны 1131,4 мың, 198,2 мың адам (17,5%) ауыл тұрғындары.

– Қостанай облысы халық саны 821,8 мың, ауыл тұрғындары – 297,6 мың адам (36,2%).

– Қызылорда облыс халқының саны 845,9 мың, ауыл тұрғындары – 446,8 мың адам (53%).

– Маңғыстау облыс халқының саны 818,3 мың, ауылдықтар – 435,5 мың адам (53,2%).

– СҚО халық саны 514,7 мың, ауылдықтар – 256,6 мың адам (49,8%).

– Павлодар облыс халқының саны 745,6 мың, ауылдықтар – 212,7 мың адам (28,5%).

– Түркістан облысы халқының саны 2148,2 мың, ауыл тұрғындары – 1603,2 мың адам (74,6%).

– Абай облыс халқының саны 596,0 мың, ауыл тұрғындары – 221,7 мың адам (37,2%).

біреуі – ауыл тұрғыны. Ал қалған 63,6% халық қалада шоғырланған, бұл урбанизация үдерісінің күшейіп жатқанының нақты дәлелі.

Ендеше ауылдар саны күрт азаяуы мен жойылып кетуі неге апарады? Осы сауалға жауап іздеп көрейік. Ең алдымен, ауылдың әлсіреуі елдің азық-түлік қауіпсіздігіне соққы болады. Ауыл шаруашылығы – халықты етпен, сүтпен, астықпен, көкөніспен қамтамасыз етіп отырған негізгі сала. Ауыл өндірісі тоқыраса немесе мүлде жойылса, мемлекет ішкі қажеттілікті өтеу үшін сыртқы нарыққа тәуелді бола бастайды. Бұл бағаның тұрақсыздығына, сапа мәселесіне, ал жалаңдық дағдарыс кезінде тіпті азық-түлік тапшылығына әкелуі мүмкін. Өз өнімін өзі өндіре алмайтын елдің экономикалық дербестігі де әлсірейді. Сондай-ақ сыртқы нарықтан енген өнімдер ел денсаулығына да қауіпсіздігі жағынан күмәнді болары анық.

Ауыл шаруашылығы тек өнім өндіру емес, ол жерді күтіп ұстау мәдениеті екенін де естен шығармау қажет. Ғасырлар бойы қалыптасқан мал бағу, жер игеру дәстүрі табиғи тепе-теңдікті сақтауға қызмет етіп келеді. Адам қарамаған, игерілмеген жер біртіндеп тозып, арамшөп басып, өрт қауіп артады, экожүйенің табиғи құрылымы бұзылады. Жайылымдар қараусыз қалса, топырақтың құнары төмендеп, шөлейттену үдерісі күшейеді. Демек ауыл – тек экономикалық емес, экологиялық тұрақтылықтың да кепілі.

Ауылдардың жойылуы экономикаға да салмақ салады. Ауыл шаруашылығы шикізат көзі

ретінде көптеген өндіріс салаларын қамтамасыз етеді. Сүт зауыттары, ет комбинаттары, ұн тарту кәсіпорындары, жеңіл өнеркәсіп – барлығы ауылмен тікелей байланысты. Ауыл әлсіресе, бұл кәсіпорындар да шикізат тапшылығын сезінеді, өндіріс көлемі азаяды, жұмыс орындары қысқарады. Соның салдарынан бюджетке түсетін салық көлемі төмендеп, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру қиындайды.

Тағы бір маңызды мәселе – ішкі көші-қонның күшеюі. Ауыл жойылса, тұрғындар қалаға жаппай көшеді. Бірақ қалалардың инфрақұрылымы, еңбек нарығы, тұрғын үй қоры мұндай ауқымды ағымға дайын болмауы мүмкін. Нәтижесінде жұмыссыздық өсіп, әлеуметтік теңсіздік тереңдеп, тұрмыс сапасы төмендейді. Бұл қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті күшейтуі ықтимал.

Ауыл – ұлттық болмыстың да тірегі. Қазақтың салт-дәстүрі, тілі, колөнері, тұрмыс мәдениеті ауылда көбірек сақталған. Ауыл өмірі құлдыраса, ұлттың рухани тамыры да босай бастайды. Қалалық өмір салты дәстүрлі дүниетанымды ығыстырып, мәдени сабақтастық үзілуі мүмкін. Бұл – көзге көрінбейтін, бірақ ұзақ мерзімде ұлттың өзіндік келбетіне әсер ететін құбылыс.

Сонымен бірге ауыл демографиялық тұрғыдан да маңызды. Ауылдық жерлерде туу көрсеткіші жоғарырақ келеді, бұл халық санының табиғи өсіміне ықпал етеді. Ауылдар жойылса, халықтың картаю үдерісі жеделдеп, еңбекке қабілетті азаматтар саны азаюы мүмкін. Бұл болашақта экономикалық даму қарқынына да, қорғаныс қабілетіне де әсер етеді.

Өткен жылдың қазан айында Мәжіліс депутаты Серік Егізбаев Қазақстандағы ауыл халқы санының күрт азаюына алаңдаушылық білдіріп, бұл құбылысты ел болашағына төнген елеулі қауіп ретінде дабыл қакты. Оның айтуынша, бұл жай ғана демографиялық өзгеріс емес, тұтас бір өмір салтының, ауылдық мәдениеттің, жерге иелік етудің әлсіреуі.

Депутат келтірген деректерге сүйенсек, бүгінде елдің 15 өңірінде ауыл тұрғындарының саны айтарлықтай қысқарған. Ең жоғары төмендеу көрсеткіштері Абай облысында – 3,2%, Солтүстік Қазақстан облысында – 3% және Қарағанды облысында – 2,9% деңгейінде тіркелген. Бұл аймақтардың барлығы ауыл шаруашылығы дәстүрлі түрде дамыған өңірлер саналады. Демек,

мәселе тек халық санына емес, ауыл экономикасының тірегіне де тікелей әсер етіп отыр.

Көші-қон қарқыны да жағдайдың күрделі екенін көрсетеді. 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығының өзінде 383 мың қазақстандық қалаға қоныс аударған, олардың басым бөлігі Астана мен Алматыға бағыт алған. Соңғы жиырма жылда ел картасынан 1400-ден астам ауыл жойылып кеткен. Үкіметтің бағалауынша, тағы 500 елді мекен «перспективасы жоқ» ауылдар санатына енгізілген. Бұл ертеңгі күні тағы қаншама елді мекеннің тіршілігі тоқтауы мүмкін деген сөз.

Серік Егізбаев бұл жағдайдың артында адам тағдырлары тұрғанын ерекше атап өтті. Жабылған мектептер, қысқарған медициналық пункттер, жұмыссыздықтың салдарынан бос қалған үйлер, ауылда жалғыз қалған қариялар, болашағын ауылдан емес, қаладан іздеуге мәжбүр жастар – мұның бәрі статистиканың ар жағындағы шынайы көрініс. Ауылдан үдере көшу – әлеуметтік теңгерімнің бұзылуына, урбанизациялық қысымның күшеюіне, қалалардағы инфрақұрылым жүктемесінің артуына алып келеді.

Депутат ауылдағы жағдайдың нашарлауына әсер етіп отырған негізгі факторларды да атап өтті. Оның сөзінше, көптеген ауылда заманауи талапқа сай тұрғын үйлер жоқ, инженерлік инфрақұрылым әлсіз, тұрақты жұмыс орындары жетіспейді, ал әлеуметтік қолдау шаралары мұрдымсыз. Осындай жағдайда жастардың ауылға бет бұрмауы заңдылыққа айналған. Ауыл – мүмкіндік емес, тығырық ретінде қабылдана бастаған.

Егізбаев бұл мәселеде қалықаралық тәжірибеге назар аударуды ұсынды. Мәселен, Ресейде 2020 жылдан бері «Ауыл ипотекасы» бағдарламасы жүзеге асырылып, 3%-ға дейінгі мөлшерлемемен 25 жылға несие беріледі. Соның нәтижесінде 100 мыңнан астам отбасы ауылдық жерден баспана алған. Әзербайжанда да ауыл тұрғындарына 4%-дық жеңілдетілген кредит арқылы үйлер салу тәжірибесі бар. Бұл бағдарламалар ауылды әлеуметтік тұрғыдан тартымды етуге бағытталған.

Қазақстанда «Асыл мекен» ауыл ипотекасы бағдарламасы жарияланғанымен, іс жүзінде басталмай жатып тоқтап қалған. Оның үстіне, көптеген ауылда сатып алатын жаңа тұрғын үй қорының өзі жоқ. Яғни, қаржы тегігі болған күннің өзінде, ұсыныс жағы дайын емес.

Осыған байланысты «Ауыл» пар-

тиясы фракциясы ауылды жаңғыртуға арналған кешенді ұлттық бағдарлама қабылдауды ұсынып отыр. Бұл бағдарлама аясында мемлекеттік бағдарламалар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы ауылдарда қолжетімді тұрғын үй құрылысын жеделдету, ауыл ипотекасын 1% мөлшерлемемен іске қосу, әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын жаңа қолдау тетіктерімен толықтыру көзделуі тиіс.

Депутат ауыл экономикасын жандандыру мәселесін де алдыңғы орынға қояды. Оның айтуынша, фермерлік шаруашылықтарға, ауыл шаруашылығы кооперациясына, өнімді қайта өңдеу саласына жүйелі қолдау қажет. Елдегі 1,5 миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылық ауыл шаруашылығы өнімінің 70 пайыздан астамын өндіреді. Алайда олардың көбі көлеңкелі немесе жартылай нарық жағдайында жұмыс істейді. Бұл әлеуетті толық экономикалық айналымға тарту – ауыл табысын арттырудың нақты жолы.

Ауыл кәсіпкерлерімен кездесулер барысында фермерлер де өз ұсыныстарын жеткізген. Олардың қатарында мамандандырылған агробанк құру, маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарына шетелдік жұмыс күшін тарту тәртбіін жеңілдету, квоталарды ұлғайтып, өтінімдерді қарау мерзімін екі айдан он жұмыс күніне дейін қысқарту, сондай-ақ мемлекеттік баж мөлшерін жеке тұлғалар үшін қолданылатын деңгейге дейін төмендету сияқты бастамалар бар.

Жалпы алғанда, көтерілген мәселе – тек ауылдың емес, елдің стратегиялық қауіпсіздігіне қатысты түйткіл. Ауыл – азық-түлік қауіпсіздігінің, жер ресурстарының, ұлттық болмыстың негізі. Егер ауыл құлдыраса, оның салдары жалпы қоғамға тиеді. Сондықтан бұл бағытта жекелеген шаралар емес, ұзақмерзімді, жүйелі, саяси ерікке негізделген шешімдер қажет екені анық.

Қорытындылай айтқанда, ауылдардың жойылуы – тек бір елді мекеннің жоғалуы емес, ол азық-түлік тәуелділігіне, экономикалық әлсіздікке, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына, демографиялық қиындықтарға және мәдени жұтаңдыққа алып келетін үлкен қатер. Сондықтан ауылды дамыту – әлеуметтік қолдау шарасы ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық міндет. Ауыл – өткеннің қалдығы емес, ел болашағының тірегі.

Аружан ОРАЛБАЙ



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЙДІ

Қызылорда қаласының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 369 млрд 412 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 118,5 пайызға артқан. Бұл облыс бойынша жалпы инвестиция көлемінің 47,7 пайызына тең. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов мәлімдеді. Кездесу барысында шаһар басшысы қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы жоспарлар туралы кеңінен баяндады.

Нұржан Сәбитұлының мәліметінше, есепті кезеңде құрылыс саласында да оң серпін байқалады. Қала аумағында атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі 182 млрд 276 млн теңгеге жетіп, 111,3 пайыздық өсім



көрсеткен. Облыстағы үлесі 49,8 пайызды құрайды.

«Ауыл шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлемі 17 млрд 076 млн теңге болып, өткен жылмен салыстырғанда 100,8 па-

йызды көрсетті. Ал бөлшек сауда айналымы 499 млрд 724 млн теңгеге жетіп, 102,6 пайызға артты. Бұл көрсеткіш облыс көлемінің 86,1 пайызына тең. Әлеуметтің ең әлеуетті әрі өзекті мәселесі баспана. Бұл бағытта Қызылорда рес-

публика бойынша алдыңғы қатарда тұр. Өткен жылы көпқабатты тұрғын үйлерді салу және сатып алу үшін 35 млрд 812 млн теңге жұмсалып, 1 890 отбасы жаңа пәтерге қол жеткізген. Ал биыл кезекте тұрған отбасыларға тұрғын үй сатып алу мақсатында облыстық бюджеттен 39 млрд 474 млн теңге бөлініп отыр», – деді Нұржан Ахатов.

Сонымен қатар, жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Аймақ басшысының тікелей қолдауымен өткен жылы бұл салаға 30 млрд теңге қарастырылып, нәтижесінде 79 көшеде жол құрылысы жүргізіліп, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары атқарылған.

Қаланың негізгі магистральдарының бірі — «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы екі кезең бойынша жаңғыртылып, толықтай пайдалануға берілді. Қала әкімінің айтуынша, атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы тұрғындардың өмір сапасын арттыруға және Қызылорданың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

КӨГІЛДІР ЭКРАНДАҒЫ «БЕСІК ЖЫРЫ»

Ұлттық анимацияның халі қалай?

Бүгінгі қазақ анимациясы туралы сөз қозғағанда, «Балапан» арнасын айналып өту мүмкін емес. 2010 жылы негізі қаланған бұл арна қазақ тілді контенттің негізгі тапсырыс берушісіне айналды. «Қазақфильм» және жекелеген студиялар арнаның тапсырысымен жыл сайын ондаған мультсериалдар түсіруде. Бірақ олардың сапасы қандай?

Ең бірінші «Балапанның» анимациялық туындыларына көз жүгіртсек. «Еркетай», «Сөйлейтін Том», «Бетперделі қаһармандар», «Ойыншықтар», «Пырақтар», «Киберқауіпсіздік» сынды мультхикаялар экран бетінде тұрақты түрде көрініс табады. «Еркетай» 2017 жылы жарық көрген туынды. Мазмұны ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатын жақсы орындайды. Дегенмен эфирлік уақытты толтыру үшін көрсетілетін туындылардың басым көпшілігі отандық өнім емес. Көбі қазақшаға аударылған дайын хикаялар. «Сөйлейтін Том», «Күшік пэт», «Пороро», «Жеңімпаз жеткіншек» сияқты анимациялық туындылардың кейіпкерлері балалар үшін ерекше жақын, қазір «Балапанның» алғаш көрермендерінің бала күндік «настольгия» сезімін оятады. Қазақстанда балалар контенті үшін дубляж жасау бұрыннан қалыптасқан дағды және біздің дубляж мамандарының шеберлігі өте жоғары. Тілі балаларға сай, көркем, тыңдид бергің келеді. Алайда тілі қазақша болғанымен, олардың ой-сана мәдениеті, визуалды көрінісі және мінез-құлық моделі мүлдем бөлек. Олардың тілі, жеткізуі қазақша болғанымен, ой-сана мәдениеті басқа арнада. Осы орайда әлемге әйгілі Диснейдің шығармаларын алайық. «Мұзды өлке», «Рапунцель», «Күлше қыз», «Моана», «Мулан». Шынын айтсақ, осы туындылар экран бетіне шықса балалардан бұрын өзіміз асыға күтеміз. Сапасы, өлең мәтіні, тіпті кейіпкерлердің образы көздің жауын алады, ал қоғамға салар ойын айту үшін бірнеше күн керек. Бірақ сіз оның ішінен қазаки нақыштағы білімді іліп ала алдыңыз ба? «Мулан» – Қытай үшін қиын кезеңді сипаттайды. Ғұн тайпасы елге шабуыл жасайды. Ердің киімін киген Мулан басқа жауынгерлерге қосылып, қар басқан таулардың етегіне қауіпті жорыққа аттанады. Онымен бірге мифтік құбыжықтан гөрі кішкентай ит сияқты көрінетін күлкілі айдаһар Мушу еріп жүреді. Ғалым Шоқан Уәлихан Аттилаға үлкен мән беріп А.Тьерридің 1856 жылы Парижде шыққан «Аттила тарихы» атты кітабын аудармақ болған. Ақын Мағжан Жұмабайұлының 1911-1922 жылдары аралығында жазған «Пайғамбар» атты өлеңінде:

...Ерте күнде отты Күннен Гун туган,

Отты Гуннен от боп ойнап мен тугам, – деген жолдар бар.

Өлеңге ұлы ақын өз қолымен «Гун – түркінің атасы» деп түсіндірме жазған. Сонда мультфильмде зұлым прототип біздің түп-тамырымыз ғұндар екен. Бірақ әлем оларды дұрыс танымады. Мультсериалдың басты мақсаты – әйел теңдігі. Алайда оған қарамастан шығарма адаптация рухты оятқаннан бұрын, халық ғұрпын дәріптеді. Кейіпкерлердің үстіндегі киім мен қолданатын қаруында ұлттық рух бар. Ал шығармада соңғы шайқас өткен жер – Сыхэюань. Бұл да мультфильмге әсерлі көрініс береді. Осы саланың нағыз маманы Әмен Қайдаров: «Біз ұлт болып, егемен ел болып, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дамытамыз десек, ең алдымен, тәрбиені титтей бүлдіршіндерімізден бастауымыз қажет» – деп өмірінің соңғы күндеріне дейін болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие мен ұлттық құндылықты экран алдынан табуда бағыт-бағдар берді. Осы тарихи оқиға бізге Қытай елінің емес,

ғұндардың көзімен баяндалғанда балалардың тарихи ақиқатқа көз жеткізуі, қызығуы әдет болар еді. Бірақ мұндай туындылар жоқтың қасы деп айтуға да болмайды. Бізде де ұлттық құндылықты насихаттайтын туындылар бар. Әсіресе, соңғы жылы «Шоқан. Қашқария сапары» атты мультхикая қазақ мультипликациясына жаңа дем берді. Ол туралы президент Қасым-Жомарт Тоқаев та мультфильм енді экран алдына шығып жатқан кезде өз пікірін білдірген еді.

– Жақында «Шоқан. Қашқария сапары» деген мультфильм шығыпты. Бұл өскелең ұрпаққа әйгілі тарихи тұлға Шоқан Уәлиханов туралы мәлімет беретін өте жақсы туынды. Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет. Бұл – ұлт болашағына тікелей ықпал ететін мәселе. Сондықтан анимацияны дамыту мәселесін қолға алу керек, – деді ол.

Қазіргі таңда жапондық аниме жанрының көпшілік алдына келуі де жөсеуіміздерге біраз шабыт беріп жатқаны рас. Мәселен «Жын жоюшы» туындысы 2025 жылы кино-театрларға шығып, біраз көрермен жинады. Оны аударатын «Anidy-bus» командасының телеграм арнасында бір шығарылымның өзі 10 мың қаралымға жеткен. Бұл – үлкен жетістік. Команда көрермендер арқылы қаржыландырылып отыр. Оларға қолдау болмаса да студияның тиянақты жұмысы көрерменді тәнті етті.

Психологиялық үлесі қандай?

Жоғарыда атап өткеніміздей, «Сөйлейтін Том», «Күшік пэт», «Пороро» сынды анимациялық туындылар көсетілімде. «Пороро», «Жеңімпаз жеткіншек» туындылары «Балапан» арнасында қайта-қайта көрініс тапқанын байқадық. Олардың көгілдір экранда жүргені телеарнаның құрылған кезінен басталды. Осы орайда «балалар бұл контентті тұтынып, жалығып кетпей ме?» деген сұрақ туындайды. Бірақ олардың тілі бүлдіршіндердің жасына және даму жүйесіне сай. Қазақ туындыларының басқа елдерге қарағанда үлкен ерекшелігі осы. Себебі қазақша бағдарламалар мен хикаяларда рентингтің бала жасына сай болуы және жұмыс барысында психологпен ақылдасып, келісуі Қазақстанда ерекше

бағаланады. Бұл туралы өзінің сұхбатында «Qazart studio-ның» басшысы, аниматор Қасиет Сафиолла айтып өткен еді.

– Әр жобаның кеңесшісі болады. Жаңағы суперқаһармандық, болмаса бала тәрбиесіне қатысты жобаларға келген кезде балалар психологымен міндетті түрде сөйлесеміз. Кейбір жобаларда тіпті команданың бір мүшесі ретінде осы жобаға қатысады. 2023 жылы болған «Сен білесің бе, балақай?» деген жоба болды. Ол жерде арнаулы, әр серияның сценарийін психологтың өзі жазып шықты.

Одан бөлек «Бетперделі батыр», «Жібек», «Дала ойындары» деген жобаларда балалар психологы ол жерде жұмыс істеді. Одан бөлек тарихи жобаларда, тарих бұрмаланбас үшін тарихи кенесші жұмыс істейді. Сценарийді ақылдасқанда әр кезеңде сол кеңесшімен сөйлесіп, мақұлдағаннан кейін барып жобаны өндіріске жібереміз, – деді ол.

Бұл онсыз да түсінікті дүние деп айтуларыңыз мүмкін. Алайда басқа елдердің ұлттық анимациясына көз салсақ басқа тұлжымға келуе болады. Мысалы атақты америкалық мультфильм, «Болашақ болжаушы» атанған «Симсондар» хикаясының рейтингі 14+, бірақ онда зорлық-зомбылық, әдепсіздік көріністері бар. Ол иронияға толы, балалардан гөрі ерексектерге арналған туынды дерсін. Мәселен «Симсондардың» 6 маусымының 6 шығарылымында Гомер есінен адасып, отбасын өлтіруге тырысады. Мұны үлгі болар сәт деп айту қиын. Одан бетер мұнда Американың ішкі саясаты да аралас келеді.

Трендтің тірегі жоқ

Кейінгі кездері әлеуметтік желі балалар контентіне үлкен қарқын әкелді. Әсіресе «YouTube Shorts», «TikTok» сияқты қысқа видео форматы баланың зейін қою қабілетін бұзуда. 15 секундтық жарқ-жүркі еткен видеолардан кейін бала 20 минуттық мағыналы



мультфильмді немесе кітапты қабылдай алмайды. Бұл «клиптік сана». Мұндай балалар мектепте сабақ үстінде отыра алмайды, терең ойлауға қабілетсіз, зейіні тұрақсыз болып қалыптасады. Сонымен қатар, әлеуметтік желідегі трендтерге еліктеу балаларды ұлттық бейнеден, қарапайым адами құндылықтардан алыстатып, мағынасыз трендтің құрбанына айналады. Мәселен 1-2 жыл көлемінде пайда болған «Skibidi Toilet», «Хагги Вагги», «Лабубу» еліктеудің көрінісі. Бұған байланысты психолог Гүлшат Жұмағалиевамен пікірлестік.

– Мұндай образдарды күнделікті көріп жүрген бала агрессияны қалыпты деп қабылдай бастайды. Қымбат ойыншық болған соң бала өзін өзгелерден жоғары санайды. Яғни эгоцентризм мен басқаларды менсінбеуді, «менікі ғана дұрыс» дейтін баланың ойын қалыптастырады. Сонымен қатар егер басқа балада болмаса, өзінде жоқ та, реніш, қызғаныш, өзін төмен бағалаудың сезімдерін оятады, – деді ол.

Көп ата-ана балам қатардан қалмасын деп баланың сұрауын орындайды. Алайда балаға келген кезде тұтынушы сұрауы жоғары болуы керек. Олардың түпнұсқасының ең арзан түрі 30-50 мың теңге тұрады. Ал біздің қолданыстағы ойыншықтар – арзан көшірме.

Осы тәуелдікке әкелетін видеолар да күдік тудырады. «Neuro-Image» журналында жарияланған мәліметтер бойынша «Shorts» психологиялық ауру тудыруы мүмкін. Қытай ғалымдары 17-30 жас аралығындағы 111 студентке зерттеу жасап, оның 100%-ы қысқа бейнелер жарияланатын қосымшаларды тұрақты түрде қолданатынын анықтады.

Магниттік-резонанстық томография сканерлеу кезінде олардың орбитофронтальды қыртыс пен мишығында сұр заттың ұлғаюы байқалған. Бұл шешім қабылдау және эмоцияларды реттеуге жауап беретін аймақтар. Зерттеу нәтижелері «Shorts» ұйқының бұзылуына, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне және эмоционалды тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін екенін айқындады. Бұл «YouTube» желісінің әсері, ал әлеуметтік желіде бұл мәселе қалай орнады?

«Kaspersky» қосымшасының жасактаушылары 2025 жылы «Балалар интернетте не істейді?» атты ақпаратты жариялаған еді. Соның нәтижесінде балалар «brainrot» контентін көп тұтынатынын байқадық. «Brainrot» – мидың шіруі деген мағына береді. Бұл – сапасы немесе құндылығы төмен интернет-контент. Оның ішіне генеративті жасанды интеллект жасаған контент те кіреді. Жүйе жасақтаушыларының айтуынша, балалардың топ-контент қатарына осы қолданбалар кіреді.

Олар «мемдер» қатарында. Барлық контенттер бойынша 4 орында және 4,87%-ды құрайды. Бұл «Кто сильнее: Tralalero Tralala или Tung Tung Sahur?» сынды контент қатары танымалдыққа ие екенін көрсетеді.

Бұл мәселе қазір де тек ата-аналарды ғана емес, билік басындағыларды да біраз алаңға салды. Осы орайда оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова балалардың интернеттегі қауіпсіздігін арттыру бағытында жаңа бастамалар қарастырылып жатқанын атап өтті.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова Үкіметте өткен баспасөз брифингінде балалар контенті туралы айтқан еді.

– Бұл – өзекті мәселе. Бүгінгі таңда біз бірнеше ұсынысты қарастырып жатырмыз. Оқу-ағарту министрлігінде балаларды құқыққа қайшы контенттен қорғау мақсатында жұмыс тобы құрылды. Нақты тәсілдер бар, көптеген мемлекетте олар қолданылады. Бұл мәселе ашық күйінде тұр. Оны қоғаммен, соның ішінде ата-аналар және педагогтар қауымдастығымен, БАҚ өкілдерімен бірлесіп талқылаймыз, – деді министр.

Сонымен қатар, Жұлдыз Сүлейменова нақты қандай жұмыстар қолға алынғаны туралы да атап өтті.

– Бірінші тәсіл – балаларға арналған SIM-карта арқылы тіркеу. Екінші тәсіл – 14 жасқа дейінгі балалардың құқыққа қайшы контентке қолжетімділігін бақылау әрі шектеу мүмкіндігін енгізу. Үшіншіден, мектептерде цифрландыру, медиа сауаттылық жөнінде пәндер бар. Осы пәндер аясында біз балаларға цифрлық кеңістікте сауатты әрі жауапты болу жолдарын үйретеміз. Балалар үшін әлеуметтік желілерді шектеу мәселесін медиамен, ата-аналар қауымдастығымен талқылау қажет. Жұмыс тобы құрылды, бұл мәселе әзірге ашық тұр, – деді министр.

Бүгінгі таңда балалар контенті – жай ғана ойын-сауық емес, бұл ұлт тағдыры. Біздің ел тарапынан жаңа мультфильм мен сапалы контент көбейіп келе жатыр. Алайда желідегі шетелдік, ЖИ арқылы жасалған контент, жеңіл-желпі туындылар балалар санасының қалыптасуына үлкен әсер береді. Кінәні өзгеден іздегенше, өзімізден іздеген жөн. Себебі Қазақстанда «Шокан», «Еркетай», «Қазақ елі» сияқты анимациялық жобалар өндірісте және жоспарда, қолданыста бар. Бірақ ата-ана тарапынан саналы түрде балаға тек телефон беріп, оның жағдайына қызығушылық жоқ. Нәтижесінде бұл мәселенің өзектілігі артты. Біздің тараптан кеткен кемшілік кейін баланың болашағына балта шабуы мүмкін. Сол себепті балалардың тұтынатын контентін саралап, қадағалайық. Өйткені бүгінгі экран алдында отырған бүлдіршін – ертеңгі ел тізгінін ұстар азамат.

Мерей ШӘКРАТ





Айболат СМАҒҰЛОВ:

КЕЙДЕ МАҒАН АДАМДАР ӨЗІНЕ ӨЗІ ЖАУ СЕКІЛДІ КӨРІНЕДІ

медициналық тексерулерден өтіп тұрған жөн.

Кейде маған адамдар өзіне өзі жау секілді көрінеді. Өйткені осы мен жоғарыда айтқан зиянды әрекеттерді саналы түрде жасайды. Өз бетімен келіп скринингтен өтіп жүрген адам некен саяқ. Өз денсаулығымызға жауапкершілікпен қарайық.

– Бүгінде өңірдегі онкологиялық орталықтарда қанша науқас тұрақты ем қабылдап жүр? Кейінгі жылдары онкологиялық дертке шалдыққандар санының өсуі байқала ма?

– Жалпы алғанда, онкологиялық аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты бақылауда. Қазір Қазақстан бойынша 246 мыңнан астам пациент динамикалық есепте тұр, бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 6,6%-ға артық.

2025 жылы 43 мыңнан астам жаңа жағдай тіркелді. Аландатарлықы, алғаш диагностикаланған науқастардың жартысынан астамы еңбекке қабілетті азаматтар. Бұл көрсеткіш онкологиялық аурулардың тек медициналық қана емес, әлеуметтік-экономикалық маңызын да айқындайды.

Өңірлік деңгейде де науқастар саны жыл сайын белгілі бір өсімді көрсетіп отыр. Алайда бұл өсімді тек сырақтанушылықтың нақты артуымен ғана байланыстыру дұрыс емес. Себебі дерт ерте анықталған жайттар да бар.

Қазіргі онкологияның басты жетістіктерінің бірі – ерте диагностика мен емнің кешенділігі. Мультидисциплинарлық тәсіл, заманауи хирургиялық технологиялар, химио және иммунотерапия мүмкіндіктері пациенттің өмір сүру ұзақтығы мен сапасын айтарлықтай жақсартуға ықпал етуде.

– Онкология саласындағы ең күрделі әрі ауыр бағыттардың бірі қайсы деп есептейсіз? Мұндай жоғары жауапкершілікті талап ететін жұмыстың әлеуметтік және қаржылық қолдауы жеткілікті ме?

– Онкология – тұтас алғанда күрделі сала. Дегенмен кәсіби тәжірибем сүйенсем, ең ауыр бағыттардың бірі – онкохирургия дер едім, әсіресе асқынған және жайылған ісіктерге жасалатын кеңейтілген, көпкомпонентті операциялар. Мұндай жағдайда хирург тек ісікті алып тастап қана қоймайды, өмірлік маңызды ағзалардың қызметін барынша сақтап қалуға, науқастың кейінгі өмір сапасын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Онкологиядағы жауапкершілік клиникалық (дұрыс диагноз, дәл хирургиялық тактика), этикалық (науқас пен оның туыстарына ақпаратты жеткізу) және психологиялық (үміт пен шынайылық арасындағы теңгерім) секілді деңгейден тұрады.

Ал әлеуметтік және қаржылық қолдау мәселесіне келсек, қазіргі кезде мемлекет тарапынан онкологиялық көмекті дамытуға бағытталған бағдарламалар іске асып жатыр. Диагностика мен емдеу әдістері жанарып, жоғары технологиялық жабдықтар енгізілуде. Десе де онкология – үздіксіз инвестицияны қажет ететін сала. Қымбат дәрілік терапия, сәулелік ем, заманауи хирургиялық технологиялар – барлығы тұрақты қаржыландыруды талап етеді.

Ең бастысы, бұл бағыттағы мамандарды кәсіби тұрғыдан қолдау, олардың біліктілігін арттыру, ғылыми ізденістерге мүмкіндік беру – саланың сапасын анықтайтын негізгі фактор. Онкологияда дәрігердің кәсіби шаршауы да маңызды мәселе, сондықтан әлеуметтік қолдау тек материалдық деңгейде ғана емес, психологиялық тұрғыдан да қажет.

– Қазақстандағы ересектер онкологиясының бүгінгі даму деңгейіне қандай баға берер едіңіз? Аймақтар мен мегаполистер арасындағы диагностика мен емдеу мүмкіндіктерінде алшақтық бар ма?

– Қазақстандағы ересектер онкологиясының бүгінгі даму деңгейіне кәсіби тұрғыдан оң баға берер едім. Себебі бұл сала жиі жүйелі трансформация кезеңінен өтіп жатыр. Диагностика, хирургия, дәрілік және сәулелік терапия бағыттарында айтарлықтай ілгерілеу байқалады.

2023-2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес

жөніндегі кешенді жоспар аясында көптеген өңірлер заманауи технологиялармен жабдықталуда. Атап айтқанда, соңғы буындағы медициналық желілік үдеткіштер (линейлік үдеткіштер), ПЭТ-КТ, МРТ, КТ аппараттары, сондай-ақ expertтік кластағы лапароскопиялық және эндоскопиялық жүйелер іске қосылуда. Бұл өз кезегінде ісіктерді ерте анықтауға, дәл стадиялауға және халықаралық стандарттарға сәйкес ем жүргізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде елімізде онкологиялық көмек мультидисциплинарлық қағидатқа негізделген: хирург, химиотерапевт, сәулелік терапевт, морфолог және басқа да мамандар бірлесіп ем тактикасын айқындайды.

Аймақтар мен мегаполистер арасындағы алшақтық мәселесіне келсек, бұрын диагностикалық мүмкіндіктер мен жоғары технологиялық көмектің қолжетімділігі бойынша айырмашылық айқын сезілетін. Қазіргі уақытта бұл теңсіздік біртіндеп қысқарып келеді. Жаңа жабдықтардың өңірлерге жеткізілуі, кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламалары аймақтық орталықтардың әлеуетін күшейтуде.

Дегенмен мегаполистерде ғылыми орталықтардың, жоғары мамандандырылған кадрлардың және клиникалық зерттеулердің шоғырлануына байланысты белгілі бір артықшылық сақталады. Сондықтан басты міндет – тек техникалық жарактандыру

ге, шетелдік тағылымдамаларға және мультиорталықты жобаларға қатысу мүмкіндігін кеңейту маңызды деп есептеймін.

– Онкология – тек медициналық емес, психологиялық тұрғыдан да ауыр сала. Науқасқа үміт сыйлап, ем нәтижесін көрген сәт сіз үшін нені білдіреді? Немесе керісінше, ең қиын моральлық сәттерді қалай еңсересіз?

– Науқастың оң нәтижеге қол жеткізіп, ремиссияға шығуы немесе операциядан кейін өмір сапасының жақсаруын көрген әр дәрігер арқасынан ауыр жүк түскендей сезімді бастан кешері анық. Себебі өзімде солай. Медицинада үміт ұғымы маңызды. Дұрыс ұйымдастырылған ем, дәл қойылған диагноз және уақытылы жүргізілген хирургиялық араласу нәтижесінде науқастың сауығып, қалыпты өмірге оралғанын көру – бұл мамандықтың ең үлкен сыйы. Мұндай сәттер дәрігердің ішкі мотивациясын нығайтады, кәсіби таңдауының дұрыстығын тағы бір мәрте дәлелдейді.

Ал моральдық тұрғыдан ең күрделі кезеңдер – аурудың асқынған сатысы, емге резистентті жағдайлар немесе болжамы қолайсыз клиникалық жағдайлар. Ондай кезде дәрігер тек медициналық шешім қабылдаушы емес, сонымен қатар пациент пен оның отбасы үшін тірек тұлға айналады.

Онкологияда дәрігер эмоционалдық тұрақтылықты сақтай отырып, науқастың сенімін жоғалтпауға тиіс. Біз әрдайым толық айығуды



емес, сонымен қатар кадрлық әлеуетті нығайту және өңірлік мамандардың кәсіби дамуын үздіксіз қолдау.

– Онколог-дәрігерлердің біліктілігін арттыру мәселесіне тоқталсақ. Мамандар қандай форматта және қаншалықты жиі оқып, тәжірибе алмасады? Бұл жүйе қазіргі заман талабына сай деп ойлайсыз ба?

– Онкология – үнемі жанарып отыратын сала. Сондықтан онколог-дәрігердің біліктілігін арттыруы эпизодтық емес, үздіксіз процесс болуы тиіс. Қазір мамандар бірнеше форматта кәсіби дамудан өтеді.

Біріншіден, бұл – үздіксіз медициналық білім беру (Continuous Medical Education) жүйесі. Дәрігерлер белгілі бір кезең сайын қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Екіншіден, халықаралық және республикалық конгресстер, симпозиумдар, шеберлік сыныптары тұрақты ұйымдастырылады. Мұндай алаңдарда клиникалық хаттамалардағы жаңартулар, дәлелді медицинаның жаңа деректері, инновациялық дәрілік терапия мен хирургиялық технологиялар талқыланады.

Үшіншіден, тәжірибе алмасу мақсатында жетекші орталықтарда тағылымдамалар мен стажировкалар қарастырылған. Бұл әсіресе жоғары технологиялық хирургия, сәулелік терапия және молекулалық диагностика бағытында маңызды.

Кейінгі жылдары онлайн-білім беру платформалары мен халықаралық вебинарлардың рөлі артты. Бұл аймақтық мамандарға әлемдік деңгейдегі сарапшылардың лекцияларына қолжетімділік береді.

Жалпы алғанда, жүйе қазіргі заман талаптарына бейімделіп келеді. Бірақ онкологиядағы ғылыми прогресс өте жылдам жүреді, сол себепті кәсіби даму үдерісі де соған сәйкес қарқын алуы қажет. Әсіресе өңірлік мамандардың халықаралық клиникалық зерттеулер-

уәде ете алмаймыз, бірақ сапалы ем мен қолдауды қамтамасыз етуге міндеттіміз. Сол үшін білім аламыз, тәжірибе жинақтаймыз.

– Кей жағдайда медицина қауқарсыз болып, емдеу мүмкіндігі шектеулі болатын сәттер де кездеседі. Ем қонбай, қазақы емге жіберген жағдайлар кездесті ме?

– Онкология тәжірибесінде, өкінішке қарай, аурудың биологиялық агрессиясы мен клиникалық сатысына байланысты ем мүмкіндігі шектеулі жағдайлар кездеседі. Мұндай кезде медицина «қауқарсыз» дегеннен гөрі, емдеу мақсатының өзгеретінін дұрыс түсінген жөн. Яғни радикалды емнен паллиативтік көмекке көшеміз. Нақтырақ айтқанда, өмір ұзақтығын ғана емес, өмір сапасын сақтау басты басымдыққа айналады.

«Қазақы емге жіберу» мәселесіне келсек, кәсіби ұстанымым айқын: дәлелді медицинадан бас тарту немесе науқасты ғылыми негізі дәлелденбеген әдістерге бағыттау дұрыс емес. Себебі уақыт жоғалту кез келген ауру үшін қауіпті.

Алайда науқастар кейде дәстүрлі немесе баламалы тәсілдерге жүгінгісі келетінін айтады. Мұндай жағдайда біз тыйым салудан гөрі түсіндіруге тырысамыз. Қандай әдістің ғылыми дәлелі бар, қайсысы қауіпті, қайсысы негізгі емге кедергі келтіруі мүмкін – соның бәрін ашық талқылаймыз. Егер қандай да бір дәстүрлі әдіс негізгі емге зиян келтірмесе, психологиялық қолдау ретінде қарастыруға болады. Бірақ ол ешқашан негізгі емнің орнын алмастырмауы тиіс. Ең бастысы – науқастың сенімін жоғалтпау. Айтып өткенімдей, медицинада «үміт» ең соңғы сөнетін шам секілді.

– Білуімізше, сіз «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында шетелде білім алып, тәжірибе жинақтап жүрсіз. Шетелдік медицинаның өзгешелігі қатты байқала ма? Қазақстан мен шетел медицинасында айырмашылық көп пе?

– Иә, қазір «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында АҚШ-тың Калифорния штатындағы университеттердің бірінде білім алып, кәсіби тәжірибемді жетілдіріп жүрмін.

Шетелдік медицинаның өзіне сай өзгешеліктері бар. Басты ерекшелігі – қатаң стандарттау мен жүйелілік. Клиникалық шешімдер халықаралық нұсқаулықтарға (NCCN, ASCO және т.б.) толық сәйкестендіріліп қабылданады, әрбір қадам дәлелді медицина қағидаттарына негізделеді. Мультидисциплинарлық кеңестер өте жүйелі форматта өтеді, ал клиникалық зерттеулер күнделікті тәжірибенің ажырамас бөлігі.

Тағы бір айқын айырмашылық, мұнда инфрақұрылым мен цифрландыру деңгейі айрықша дамыған. Электрондық медициналық жүйелер толық интеграцияланған, деректі талдау, биостатистика және жасанды интеллект элементтері клиникалық процестерге кеңінен енгізілген. Бұл диагностиканың нақтылығын арттырып, ем тактикасын дараландыруға мүмкіндік берері анық.

Сондай-ақ пациентке бағытталған модель ерекше дамыған: науқастың құқықтары, ақпараттандырылған келісім, психоәлеуметтік қолдау жүйесі жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Онкологияда тек ісікті емдеу емес, адамның толыққанды өмір сапасын сақтау басты назарда.

Қазақстан мен шетел арасындағы айырмашылықтар бар, бірақ олар абсолютті емес. Қазақстанда да қазір технологиялық жаңару, сәулелік терапияға арналған желілік үдеткіштер, ПЭТ-КТ, жоғары деңгейлі хирургиялық жабдықтар енгізілуде. Мультидисциплинарлық тәсіл де қалыптасып келеді.

Негізгі айырмашылық – жүйелік тұрақтылық пен ғылыми зерттеулерге кеңінен қатысу мүмкіндігінде. АҚШ-та клиникалық зерттеулер мен инновациялық жумысты жүйелі түрде енгізіледі.

Мен шетелде тек дайын жүйені көру үшін ғана емес, сол тәжірибені талдап, елімізге тиімді модельдерді бейімдеп әкелуді көздеймін.

– Қазақстандағы онкология саласына қандай өзгеріс керек деп ойлайсыз?

– Жоғарыда айтып өткендей, елімізде бұл сала қарқынды даму үстінде. Дегенмен саланың сапалы әрі тұрақты дамуы үшін бірнеше стратегиялық бағытқа басымдық беру қажет деп есептеймін.

Мәселен, ерте диагностика мәдениетін күшейту. Скринингтік бағдарламалар бар, алайда халықтың қатысу белсенділігі әр өңірде біркелкі емес. Қатерлі ісікті I-II сатысында анықтау – ем нәтижесін түбегейлі жақсартатын негізгі фактор. Сондықтан ақпараттық-ағартушылық жұмысты жүйелі түрде жүргізу маңызды.

Сондай-ақ кадрлық әлеуетті нығайту керек. Заманауи құрал-жабдық жеткілікті болғанымен, оны жоғары деңгейде меңгерген мамандар саны да соған сай болуы тиіс. Әсіресе өңірлік орталықтарда онкохирургия, сәулелік терапия және молекулалық диагностика бойынша тар бейінді мамандарды көбейту қажет.

Одан бөлек, ғылыми зерттеулер мен клиникалық сынақтарға қатысуды кеңейту қажет. Бұл пациенттерге инновациялық ем түрлеріне қолжетімділік береді әрі отандық онкологияның ғылыми беделін арттырады.

Тағы да айта кетерім, паллиативтік көмек жүйесін күшейту. Онкология тек емдеумен шектелмейді, аурудың соңғы сатыларында науқастың өмір сапасын сақтау – өркеніетті медицинаның ажырамас бөлігі.

Соңғы ұсынысым цифрландыру туралы. Бірыңғай онкологиялық регистрдің сапасын арттыру, деректерге негізделген басқару шешімдерін қабылдау да маңызды.

Қорытындылайтын болсам, Қазақстан онкологиясы даму траекториясына түсті. Ендігі міндет – технологиялық жаңаруды кадрлық сапамен, ғылыми ізденіспен және халықтың медициналық мәдениетімен үйлестіру. Сонда ғана онкологиялық көмек елдің кез келген өңірінде қолжетімді әрі тиімді бола алады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Нұршат НЫШАНОВА

◀ СӨРСЕНБІЛІК СҰХБАТ



Басы 1-бетте

– Ааянжанды әлем кім ретінде тану керек? Мұғалім, контентмейкер, әлде белгілі бір миссиясы бар жас? Қай нұсқа сіздің болмысыңызды дәл ашады?

– Қызық сауал... Меніңше, қазір қатар алып жүрген мамандығымның барлығы менің болмысымды көрсетеді. Десе де әлем мені ең алдымен мұғалім ретінде таныса екен деймін. Бірақ бұл ұғымды мектеп қабырғасымен ғана шектемеу керек. Себебі «мұғалім» сөзі араб тілінен енген, ол «мұғаллим» – үйретуші, оқытушы деген мағына береді. Білетінімді, үйренгенімді өзгеге жеткізе алатын, өзі де үнемі ізденіс үстінде жүретін адам болғым келеді. Сондықтан бұл мен үшін жай кәсіп емес, ауқымы кең, өмір бойы жалғасатын миссия.

– Замандас ретінде әуелі әлеуметтік желіге тоқталсақ, бүгінгі контентке көңіліңіз тола ма? Жалпы әлеуметтік желіні дұрыс бағытта қолданып жүрміз бе?

– Әлеуметтік желіні дұрыс қолдана білсең, әрине өте жақсы әрі таптырмас құрал. Өзіңіз білетіндей, қазір контент өте көп. Ал оның әсерінен мағына мен мән екінші орынға ысырылған секілді. Десе де әлеуметтік желіні дұрыс бағытта қолдануға болады. Ол – ой бөлісудің, тәжірибе көрсетудің, шабыттандырудың алаңы.

– Оқушыларыңыз сіздің блогыңызды, әлеуметтік желідегі паракшаныңызды көре ме? Ал мұғалім ретінде контент жасауда өзіңізге қандай да бір шектеу қоясыз ба?

– Қазіргі бастауыш сыныптағы оқушыларым блогымды көрмейді. Бірақ бұрынғы оқушыларым мен мектеп бітіріп кеткен шәкірттерім көріп, пікір білдіріп жатады. Блог жүргізуде өзіме қатты шектеу қоймаймын. Өмірім қалай бар болса, солай көрсетемін. Өйткені оқушыларға сөзбен емес, ісім арқылы үлгі болғым келеді. Спортпен айналысуым, дұрыс тамақтануым, өзімді күтүім де жасанды емес, шынайы өмірімнің бір бөлігі.

– Ұстаздық жолды таңдауыңызға не себеп? Уақыт өте келе бұл салаға көзқарасңыз өзгерді ме? Қайткенмен де, ойдағы дүние мен тәжірибенің арасы алшақ қой...

– Иә, мамандық таңдау маңызды қадам. Ал өз тәжірибем бойынша айтар болсам, мамандық таңдайтын кезде біршама адастым. Бала кезімде атакты болуды армандадым, ал ол уақытта атактылықты теледидармен байланыстыратынмын. Сол себепті актриса немесе журналист болғым келді. Бірақ жоғары сынып оқып жүргенде өзімнің адамдарға бір дүние үйреткенді жақсы көретінімді, оны еш ақысыз, шын көңілмен жасай алатынымды түсіндім. Сол сәттен бастап мұғалім боламын деп саналы таңдау жасадым. Сол таңдауыма «Teach for Qazaqstan» жобасының да айтарлықтай үлесі бар.

– «Teach for Qazaqstan» жобасы туралы айтып қалдыңыз. Кенірек тоқталсаңыз...

– Бұл жоба мен үшін тек бағдарлама емес, үлкен мүмкіндік пен өмірлік тәжірибеге айналды. Teach

for Qazaqstan арқылы Қазақстанның әр өңіріндегі білім сапасын арттыруға үлес қоса аламын. TFQ сабақ берумен қатар, әр оқушыны тұлға ретінде қабылдауды, олардың ерекшелігі мен мүмкіндігін бағалауды үйретті.

Шынымды айтсам, университетті жаңа бітірген түлекке дәл осындай қолдау көрсетілсе, білім саласында болашағы айқын, кәсібі тұрғыдан мықты біршама маман шығар еді. Өйткені TFQ тек педагогикалық дағдыларды үйретіп қана қоймай, сенім, жауапкершілік, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырады.

Бағдарламаның басты миссиясы – білімдегі теңсіздікті азайту. Ол үшін тек теория жеткіліксіз. Сен әр баланың

– Балалармен жұмыс істеу – өте қызық процесс. Себебі сен қай ұрпаққа сабақ берсең, солармен бірге өсетің.

Қазіргі ең үлкен қиындық – баланың назарын бір жерде ұстап тұру. Ойын форматы қызық болғанымен, әр сабақты тек ойынға құру мүмкін емес. Менің ойымша, баланың пәнге деген қызығушылығын көрнекілік емес, мұғалімнің өзі оятады. Бала алдымен тұлғаға қызығады, содан кейін ғана пәнге бет бұрады. Ең бастысы – балалармен бір толқында болып, олар үшін қауіпсіз, сенімді білім ортасын қалыптастыру.

– Алдында бала тұрса да, ересек адам тұрса да қобалжу, іштей уайымдау болады. Сабаққа кірерде өзіңізге не айтасыз?

– Жас маман болған соң қорқыныш пен қобалжу болады. Бірақ көрнекті педагог Шалва

үйренесін. Балалардың нәтижесін, көзіндегі қызығушылықты көрген сәтте барлық шаршағаның лезде ұмытылады.

– Қазіргі трендпен айтсақ, сіз – зумер, ал жұмыс орнындағы әріптестеріңіздің көбі миллениалдар. Тәжірибесі мол аға буынмен бірге жұмыс істеу сізге қалай әсер етеді? Ұрпақтар арасындағы айырмашылық сезіле ме?

– Мектептегі әріптес-апайларымнан үйренерім өте көп. Жас маман ретінде, жас буын ретінде идея мен ұсынысым көп болуы мүмкін, десе де тәжірибенің орны ойсырайтыны рас. Кейде бір сыныпқа мұқият дайындап келген сабағым екінші сыныпқа дәл солай өтпей қалатын сәттер болады. Ондай кезде абдырап қалатыным да жасырын емес. Ал тәжірибелі әріптестерім мұндай жағдайда сыныптың қарқынына қарай әдіс-тәсілдерді бірден өзгертіп, сабақты өз арнасына бұрып әкете алады.

әдеттерді күнделікті өміріме енгізуге тырысамын. Осылайша физикалық тұрғыдан ғана емес, психологиялық жағынан да шындалып, сабаққа шығармашылықпен кірісіп, балаларға да жылы жүреппен қарай аламын.

– Сонымен қатар театр мен колөнерге жақындығыңыз да байқалады. Сүйікті қойылымыңыз жайлы айтып берсеңіз.

– Маған музыкалық қойылымдар ерекше ұнайды. Ең үздік деп санайтын үш қойылымым – «Гаухартас», «Қоштасқым келмейді» және «Сыған серенадасы». Әсіресе «Қоштасқым келмейді» қойылымы қоғамдағы мәселелерді ашық айқайламай, детальдар арқылы өте дәл жеткізеді. Кейіпкерлер арасындағы түсініспеушілік, қызғаныш, ішкі қайшылықтар сахнадағы ұсақ көрінетін, бірақ мағынасы терең белгілермен беріледі. Ұзын жеңді көйлек, сахнадағы қозғалыс, үнсіздік пен музыка – барлығы кейіпкердің ішкі жан дүниесін сездіреді. Мұндай



жанын, ойын түсінуің керек. TFQ әр ұстазға «сен өзгеріс жасай аласың» деген сенім береді. Расында бұл – үлкен күш.

Әр балаға білім мен сенімділік сыйлау, олардың ішкі әлеуетін ашуға көмектесу менің өмірлік миссиям. TFQ арқылы өзімді тек мұғалім ретінде емес, жаңа идеялар мен тәжірибелерді қоғамға жеткізе алатын жас көшбасшы ретінде де сынап көрудемін. Осындай мүмкіндіктер жас мамандарға ертерек берілсе, еліміздің білім саласында сапалы, саналы және жауапты ұрпақ өсер еді деп ойлаймын.

– Оңтүстікте туып, батыста білім алып, бүгінде орталық өңірде жұмыс істеп жүрсіз. Аймақтар арасындағы мәдениет, мінез, сөйлеу мәнеріндегі айырмашылықтарды байқаған боларсыз. Өзіңізге қай өңір жақынырақ? Ал шығысқа бару жоспарда бар ма?

– Расымен бұл мен үшін өте қызық тәжірибе болды. Бір Қазақстан болғанымен, әр өңірдің өзіне тән мәдениеті, сөйлеу мәнері, мінезі бар. Бұл менің тіл маманы, әдебиетші ретіндегі ой-өрісімді кеңейтті. Университетте оқып жүргенде топтас-тарыммен диалектілерді талдап, жиі пікірталасқа түсетін кездер де болды. Ал төрт жылдың ішінде бір-біріміздің сөйлеу әдебімізді сіңіріп алғанымызды өзіміз де байқамай қалдық.

Ал қай өңір жақын деген сұраққа нақты жауап бере алмаймын. Себебі мен үшін бәрі тұтас Қазақстан.

– Парақшанызда сабақ процесінен, сергіту сәтінен үзінділер жариялайсыз. Бүгінгі оқушымен жұмыс істеу қиын ба, әлде керісінше қызығы басым ба? Баланың қызығушылығын ояту үшін, сабақты қызықты өту үшін істеу керек?

Амонашвилидің үш қағидасы маған үлкен тірек болды. Мен өзіме үнемі менің оқушыларымның қолынан келеді, менің құралдарым жұмыс істейді, менің қолымнан келеді деп қайталаймын. Бұл сөздер менің өзіме де, балаларға деген сенімдім де арттырады.

– Мұғалім тақырыпты да түсіндіреді, керек кезде оқушыға дос, ана, тіпті психолог бола алады. Баланың қашан өтірік айтқанына дейін біліп отырады. Мұндай қабілет сізге де қалыптасқан болар?

– Бұл тұста маған Сухомлинскийдің «Балаға жүрек жылуы» кітабы үнемі шабыт беріп, өзімді қайта жинауға көмектеседі. Ондағы «Мектеп – баланың сырттан мәрттігіп келген жүрегін емдейтін орын болуы керек» деген ой маған қатты әсер етті. Сол себепті мен үшін мұғалім тек білім беруші ғана емес, баланың ішкі күйін түсінетін, оны тыңдай алатын адам болуы маңызды. Әрдайым балалардың көңіл күйіне назар аударуға, олардың өзін қауіпсіз әрі түсінікті ортада сезінуіне жағдай жасауға тырысамын.

– Жасыратыны жоқ, білім саласындағы жалақы жоғары болғанымен, жауапкершілігі мен міндетті тіптен көп. Күн сайынғы сабаққа дайындық, презентация мен көрнекіліктер, ай сайынғы есеп, ашық сабақтар, ата-анамен байланыс – осының бәрі күнделікті өміріңіздің бір бөлігі. Осындай қарқын сізді шаршатпай ма, әлде үйіріңізді кеттіңіз бе?

– Әрине, мұғалім мамандығы сырт көзге қарағанда әлдеқайда күрделі. Сабаққа дайындық, құжаттар, ата-анамен байланыс – барлығы қатар жүреді. Кей күндері шаршайтынымды жасырмаймын. Бірақ бұл қарқынға біртіндеп

Ұрпақтар арасындағы жас айырмашылық қатты сезілмейді деп ойлаймын. Керісінше, жаңа технологияларды меңгеру, сабаққа жаңашылдық енгізу тұрғысынан әріптестерім менен кем емес, тіпті көп жағдайда артық екенін көремін. Алғашқы еңбек жолымды дәл осы Шахтинск қаласындағы №7 жалпы білім беретін мектепте бастағанымға қуанамын.

– Киім кию үлгіңіз расымен ерекше. Дегенмен қоғамда «мұғалімге сән қуудың қажеті жоқ» дейтін пікір бар. Мұндай көзқарасқа не дер едіңіз?

– Мұғалімнің киімі де оның тәрбиесі мен мәдениетін, ішкі жан дүниесін білдіреді деп ойлаймын. Әдемі, жинақы киіну – сән қуалау емес, өзіне де, оқушына да құрмет көрсету. Киім үлгісі әрдайым педагогикалық этикаға сай болу керек. Қазаки нақыш қосу – ұлттық рухты сақтап, сабаққа жылы әсер береді.

– Қазіргі өмір қарқынында адамдар өзіне күтіммен қарауға, денсаулығына мән беруге үлгермей жатады. Сіз осы қарқынмен қалай тіл табысып жүрсіз? Білуімізше, спортпен шұғылданып, дұрыс тамақтануды жақсы көреді екенсіз.

– Қарбалас өмірде өзіне көңіл бөлу оңай емес. Күнделікті сабаққа дайындық, құжаттар, балалармен қарым-қатынас – барлығының өз орны бар. Бірақ өзіңді ұмытсаң, нәтиже де болмайды. Сондықтан денсаулық пен ішкі тепе-теңдік мен үшін ең маңызды дүние. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтануды өмірлік қажеттілік деп санаймын. Менің ойымша, балаларға дұрыс тамақтануды және спортпен айналысуды үйрету үшін, ең алдымен өзін оны жасап көрсетуің керек. Яғни сөзбен емес, іспен көрсету арқылы ғана мотивация беруге болады. Сол себепті өзім де осы

қойылымды түсіне білген адам әр детальдан үлкен ой таба алады.

Ал колөнерге келсек, колмен бір зат жасау мен үшін тынығудың, ойды жинақтаудың бір тәсілі. Колөнер сабыр мен төзімділікке үйретеді, ал бұл қасиеттер мұғалім үшін өте маңызды. Ол арқылы мен ұсақ детальдарға мән беруді, асықпай жұмыс істеуді үйренемін. Бұл әдет менің сабақ беруіме де әсер етеді. Мысалы әр баланың мінезін, көңіл күйін байқап, оған жеке көзқараспен қарауға көмектеседі.

– Қалай ойлансыз, адамды шын мәнінде не өсіреді?

– Адамды шын мәнінде өсіретін ең үлкен күш – өз-өзіне есеп бере алу қабілеті. Өмір жолында қателеспейтін адам жоқ: сүріну, адасу, жанылу – адам болмысының ажырамас бөлігі. Бірақ адамды адам ететін нәрсе қателіктің өзі емес, сол қателікке қалай қарайтыны. Бір қадам шалыс басқан соң, оны актауға емес, түсінуге ұмтылу маңызды. «Неге бұлай болды?», «Мен осы сәтте нені аңғармай қалдым?», «Келесіде мұндай жағдайға қайта түспеу үшін не істеуім керек?» деген сұрақтарға шынайы жауап беру – ішкі өсуге бастайтын жол.

Бұл ойдың тамыры тереңде жатыр. Абай атамыз бесінші қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өңің есеп ал» деп бекер айтпаған. Бұл – өзіңмен өңің үнсіз отырып, ар-ұятыңмен бетпебет келу, жасаған ісіңе сырт көзбен қарау деген сөз. Өзіне есеп бере алатын адам ғана тоқмелісімейді, өз кемшілігінен қашпайды, қайта оны түзетуге ұмтылады.

Менің ойымша, дәл осы ішкі адалдық адамды биіктетеді. Өз-өзіңе шынайы болу – ең қиын, бірақ ең дұрыс жол. Себебі адам өзіне есеп беруді үйренген сәттен бастап, өсу тоқтамайды. Ол әр қателіктен сабақ алады, әр сүрінуден кейін саналы түрде алға қадам жасайды. Сондықтан өзіне есеп беріп отыру – тек тәрбие құралы емес, бұл – өмірді саналы түрде сүрудің белгісі.

– Бүгінгі Ааянжан ертеңгі Ааянға не айтқысы келеді?

– Бүгінгі Ааянжан ертеңгі Ааянға: «Өзіңе сенуден ешқашан бас тартпа. Қанша қиын болса да, адам болып қалуды ұмытпа» деп айтқысы келеді.

– Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін! – деген Маған Жұмабаевтың үміті ақталып жатыр ма? Маған сенген сіз бен біз, жастар жайлы не айта аласыз?

– Маған Жұмабаев сенген жастар бар. Олар – ізденетін, ойлайтын, сұрақ қоя алатын жастар. Әрине, кемшіліксіз қоғам жоқ. Бірақ бүгінгі жастардың бойында өзгеріске деген талпыныс бар. Сол үмітті ақтау – біздің қолымызда.

– Арнайы уақыт арнап, сұхбатқа келіскеніңізге рақмет, ұлт үшін тер төгетін шәкірт тәрбиелеу жолында талмаңыз дейміз.

Сұхбаттасқан
Әлия ТӘЖІБАЙ

БӨТЕН СӨЗБЕН БЫЛҒАНСА СӨЗ АРАСЫ...

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер ең әуелі сол жұрттың тілін азыруға тырысады» деген Ахмет Байтұрсынұлының тағылымды сөзі бүгінгі қоғам үшін бұрынғыдан да өзекті. Өйткені жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды сақтау – әр халықтың басты мұраты. Қазақ тілі мен мәдениетінің казіргі жай-күйі, әсіресе жастар арасындағы тіл мен дәстүрдің сақталуы – қоғам назарынан тыс қалмауы тиіс маңызды мәселе.

Ақпараттық технологиялар мен шетелдік мәдени ықпалдың күшеюі қазақ тілінің қолданылуы мен ұлттық дәстүрлердің сақталуына жаңа сынақтар тудыруда. Соның ішінде, өкінішке қарай, қоғамда жарымжан сөздер жастар арасында кең таралып жатыр. Тіл тазалығына тереңнен мән берген, терең, өткір, күшті, кең тіліміздің өзегіне өкініш те – осы жарымжан сөздер. Ал, төл тіліміздің мәнін кетіріп, түрлі «жаргон» сөздерді жиі қолдану бүгінгі буынның әдетіне айналып кетсе, қасірет сол болар.

Тіл – ұлттың тірегі болса, халқымыз «өнер алды – қызыл тіл», «тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деп, сөз құдіретін ерекше бағалаған. Қазақ тілі – ұлттың жаны, халықтың ғасырлар бойы жинаған рухани қазынасы. Бүгінгі қоғамда тіліміз жаңа кеңістіктерге бейімделіп келеді. Соның бір айғағы әлеуметтік желілерде, түрлі цифрлық платформаларда қазақ тілінде сөйлеп, жазып, ой бөлісе бастады. Бұл бағытта жас ұрпақтың тілді тек тұрмыстық деңгейде емес, шығармашылық пен технология саласында да қолдануы жетістікке жетер жолдың бір тармағы. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» дей отырып, өз ана тілін ұмытпау нағыз мәдениетті азаматтың белгісі екенін айқындап келеді. Орыс шығыстанушысы, түрколог П.Мелиоранский: «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақ – шешен әрі әдемі сөйлеудің хас жебері...

Қазақтар халық әдебиетіне аса бай әрі жан-жақты» – деген. Расымен де, қазақ тілі сөбелі сөзге, мақалға,

шешендік сөздерге бай. Ана тіліңмен қатар басқа халықтың тілін білу сол елдің тіліне көшті деген сөз емес, ол – адамның өз-өзін шыңдауы.

Болашақ ұрпаққа ата-бабамыз аманат етіп қалдырған, ғасырлар бойы құндылығын жоғалтпаған салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымыз – ұлтты ұлт етіп сақтап тұрған ең басты рухани тірек. Өйткені дәстүр – өткен мен бүгінді, бүгін мен болашақты жалғап тұрған алтын көпір. «Өткенін білмегеннің болашағы бұлыңғыр» деп халық бекер айтаған.

Қазақтың әрбір салт-дәстүрінің түбінде терең тәрбие мен тағылым жатыр. Атап айтсақ, бала дүниеге келгеннен бастап шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер сияқты ғұрыптар арқылы ұлттың ізгі қасиеттері бойына сіңген. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, салт-дәстүрді көріп өскен ұрпақ елін, жерін, тілін қадірлеуді үйренеді. Ал үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету тәрбиенің тал бесіктен бастау алатынының айғағы.

Қазіргі таңда жастар арасында ұлттық дәстүрлерге деген қызығушылықтың артып келе жатқаны қуантады. «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер» деп, ақ батаның қадірін ұғыну, үлкеннің сөзін тыңдау қайтадан мәнге ие бола бастады. Әсіресе Наурыз мерекесінің кең көлемде тойлануы – ұлттық рухтың жаңғыруының жарқын көрінісі. Бұл мейрам тек көктемнің келуін емес, бірлікті, татулықты, жанаруды білдіреді. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дегендей, Наурызда халық бір-біріне ақ тілегін арнап, өкпе-назын ұмытып, ынтымаққа бет бұрады.

Сонымен қатар, жастардың ұлттық тағамдарға, киім үлгілеріне, колөнерге деген сұраныстың артуы да – дәстүрге деген сый - құрметтің белгісі. «Ас – адамның арқауы» деп, қазы-карта, бауырсақ, қымыз



секілді тағамдардың қадірін тану – ұлттың дәм-тұзын ұлықтау. Ал, ою-өрнекпен кестеленген, казаки накыштың бейнесі бейнеленген киімдер мен зергерлік бұйымдар халық даналығын еске салады. Колөнер – тек әсемдік емес, ұлттық тарихымыздан сыр шертетін тіл.

Ұлттық құндылықтарды сақтау – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа нық қадам. Өйткені, дәстүрін құрметтеген халық тамырынан ешқашан ажырамайды, мәңгі жасайды.

Жастар арасында домбыра тартып, халық әндері мен күйлерін үйреніп, дәріптеуі қуаныш ұялатады. Бір кездері өнер мектептері жабылып, қазақтың ұлттық аспаптарын тек сөреден көруге болатын еді. Қазіргі таңда өскелең ұрпақ ұлттық құндылықтарды заманауи форматта жаңғыртып, жаңа мазмұн беруде.

Дана халқымыз «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Тіл мен дәстүрдің сақталуы ең алдымен отбасынан басталады. Ана тілінде сөйлейтін, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін ортада өскен бала өз болмысын жоғалтпайды. Осы ретте мектеп пен жоғары оқу орындары бұл үрдісті жалғастырып, жастарға тілдің қадірін, дәстүрдің мәнін терең түсіндіруі қажет.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру, оны ғылым, білім, мәдениет пен технология

тіліне айналдыру – уақыт талабы. Сандық технология кезеңінде және өркениетті елдер арасында заман ағысынан қалмай, озып шығу – бізге міндет. «Білімді мыңды жығар» дегендей, ана тілінде сапалы білім алған ұрпақ қана ұлттық құндылықтарды әлемге таныта алады.

Бойымызға анамыздың сүтімен дарыған тілімізді ардақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу басты парызымызға айналды. Ана тілінің қадір-қасиетін ерте кезден-ақ түсіне білген халқымыз оны қасиетті мұраға балап, қастерлейді. Тіліміз жан дүниеміздің айнасы, тәуелсіздігіміздің айғағы іспетті.

Әр адамның азаматтық қасиеті – салт-дәстүрін сақтаумен, өзінің туған жерін, атамекенін сүйемен, өзінің ана тілін білуге өлшенеді. Ана тілін біліп қана қоймай, күнделікті тұрмыста қолдану аясын кеңейтіп, тілге деген жаныашырлық сезімінің болуынан көрініс табады.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» даналық сөз бар. Қазақ тілі мен мәдениетіміздің жай-күйі, оның жойылып кетпеуі, ұрпағымызға мазмұны бұзылмай, сақталуы – жастардың мойнындағы жүк. Жастар ана тілін құрметтеп, ұлттық дәстүрді бойына сіңірсе, қазақтың рухани мұрасы мәңгі жасайды. Тіл мен дәстүр – өткеннің ғана емес, болашақтың да алтын қазығы.

Әділет СМАҒҰЛ,

Серғали Толыбеков атындағы
№3 Іт мектеп-лицейінің
оқушысы

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ТӨРІМІЗДЕ БОЛСЫН

Ұлтынды сүю күнделікті қадамыннан-ақ көрініп тұруы керек. Біз мектеп бағдарламасы бойынша балаларға тек білім берумен шектелмейміз. Әрбір сабақтың бір ұшы ұлттық тәрбиеге негізделуі керек. Міне, сондықтан, ұлттық ойындарды үнемі алдыңғы қатарға қоямыз. Балалардың әрбірі ұлттық ойындарға бейім екенін аңғартады. Өйткені, қандай да бір спорт түрінің іргетасы – бұқаралық спорт. Ал бұқаралық спорт қазақтың ұлттық ойындарынан бастау алады. Қарапайым ләңгі тебуден бастап, асық, ат үстінде ойналатын ойындар, күрес түрлері, тағы басқалар.

Бұл біріншіден, қазақтығымызды, азаттығымызды ұлықтау. Өйткені, қазақы қалпымыздан айырылмауымыз керек. Қазақ ықылым заманнан талай нәубетті бастан өткерді. Бірақ соған қарамастан тілі де, діні де, ділі де сақталып, ұлылығын мойындатқан. Ел басына күн туғанда осы нәубеттерден аман өткен бабаларымыздың алдында егемен елдің төрінде құндылықтардан айырылғанымыз жарамас. Міне, бұл – әрбір ұстаздың бойында болу керек ұғым.

Екіншіден, қазақтан асқан дана жоқ. Неге дейсіз бе? Қарапайым ләңгі тебудің өзі бүкіл дене мүшесінді қозғалысқа салады. Көп



адамның бойында астеохондроз тәрізді аурулар бар. Оның бәрі неден шығады?! Салауатты өмір салтын сақтамай, тапж тастам жерге көлікпен барады, таңнан кешке дейін жұмыс үстелінде отырады. Қозғалыс та, қан айналым да жөнді емес. Ләңгі тебудің

тереңіне бойласақ, осы нәрселерге тоқтам қоя аламыз.

Үшіншіден, ұлттық ойындардың әрбірі адамның қабілетін оятады. Мәселен, асық ойыны мергендікке, ойды жинақтауға, алдына мақсат қоюға, оған жетуге баулиды. Тіпті көзді де жақсы көретін қабілетке жетелейді.

Міне, осындай ұлттық ойындардың қасиетін біз дене шынықтыру сабағында кең қолданысқа енгізгенбіз. Ұстаздың қай пәннен сабақ беруі маңызды емес, әрбір ұстаз қазақ балаларының бойына ұлттық құндылықты сіңіре білуі керек. Арқан тартыста қандай ұйымшылық қажет болса, мұғалімнің әр сабағындағы «әр қазақ менің жалғызым» деген ұстаным осындай ойға жетелеу керек. Бір адаммын, не шешемін деген ұғым болмаған жөн. Мәселен, мен дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды қолданып, балалардың бойындағы қазақы болмысты нығайтып жүрмін. Ал сіздің қандай тәсіліңіз бар, құрметтім?!

Алмат КӨМІРБАЕВ,

№268 мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Қазіргі жастар мамандық таңдауда бұрын-соңды болмаған жағдайларға тап болады. Бұрын бұл шешімде ата-ана мен мұғалімнің кеңесі маңызды болса, қазір онлайн тесттер, цифрлық платформалар мен алгоритмдер бағыт береді. Біраз сұраққа жауап бересің де, жүйе «сен үшін ең лайықты мамандықты» таңдап қояды. Бірақ осы таңдау баланың өз арманы мен қызығушылығын ескереді ме? Дәл осы сұрақ әлі күнге жауапсыз қалатыны өкінішті.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР

Мен – 10-сыныптың сынып жетекшісімін және информатика пәнінің мұғалімімін. Осы рөлде бола жүріп, оқушылардың мамандық таңдауында сенімсіздік көп екенін жиі байқаймын. Көбісі өз мүддесін емес, интернеттегі кеңестерге немесе «қазір сұраныстағы мамандықтар» тізіміне сүйенеді. Міне, цифрлық дәуірдің шынайы көрінісі осындай.

Информатика сабағында біз алгоритмнің тек енгізілген деректерге сүйене отырып жұмыс істейтінін үйренеміз. Сол сияқты мамандық таңдауда да дерек жеткіліксіз болса, нәтиже толық болмайды. Ал мамандық – тек қабілет пен баға емес, мінез, қызығушылық және өмірлік мақсатқа байланысты күрделі процесс. Сондықтан оны тек цифрлық жүйеге сеніп тапсыру дұрыс емес. Сынып жетекшісі ретінде мені ең көп ойландыратыны-оқушылардың қателесуден қорқуы.

Ал алгоритм қателеспейтіндей көрінуі мүмкін. Бірақ таңдау үшін жауапкершілікті тек бала өзі көтереді. Егер мамандық ұнамай қалса, салдарын сезетін де, түзететін де – сол оқушы.

Жасанды интеллект пен жаңа технологиялар көптеген саланы өзгертіп жатыр. Дегенмен адамға тән қасиеттер – ойлау, сезіну, шешім қабылдау әлі де маңызды болып қала береді. Сондықтан алгоритм мамандықты ұсынып, бағыт бере алады, бірақ соңғы шешімді қабылдайтын – адам. Бүгінгі міндет – жастарды дайын жауапқа емес, өз таңдауы үшін жауапкершілік алуға үйрету. Өйткені табысты мамандық маңызды емес, өз жолын түсініп, оған жауапкершілікпен қарай білетін адам болашақты жасайды.

Жазира БИСЕНБАЙ,
№266 мектеп-лицейдің
информатика пән мұғалімі,
Қазалы ауданы

Бүгінгі таңда цифрландыру тек компьютерлік сауаттылық қана емес, бұл – шығармашылықтың жаңа деңгейі. Әсіресе, анимация және мультфильм жасау саласында жасанды интеллектінің (ЖИ) пайда болуымен үлкен төңкеріс орын алды. Мультимедиялық технологиялар үйірмесінде біз шәкірттерімізбен бірге осы заманауи құралдарды меңгерудеміз. ЖИ арқылы мультфильм жасау – бұл балалардың қиялын шектеусіз жүзеге асырудың жолы.



ЖИ көмегімен анимация жасаудың негізгі 5 қадамын мысалға алсақ. Балалардың шығармашылығын шыңдау үшін біз келесі кезеңдерді қолданамыз.

1. Сценарий жазу мен кадрларға бөлу (Интеллектуалды көмекші): ChatGPT немесе Gemini секілді ЖИ құралдары арқылы балалар мультфильмнің желісін, кейіпкерлердің диалогын санаулы минутта құрастырады.

2. Кейіпкерлерді бейнелеу, сипаттау (Визуалды өнер): Midjourney немесе DALL-E секілді бағдарламалардың көмегімен балалар өз қиялындағы кейіпкерді мөтіңдік сипаттама арқылы суретке айналдырады.

3. Анимация жасау – суретке жан бітіреді! (Қозғалысқа келтіру): Runway немесе Pika Labs сияқты құралдардың көмегімен сол суреттерді қозғалысқа келтіреміз. Суреттер дыбыс пен қимылға

ие болып, экранда «тіріледі». Әр кадрға промт жазу.

4. Дыбыстау (Кейіпкерге жан бітіру): ElevenLabs секілді нейрожелілер арқылы жазылған мәтінді кез келген дауыспен сөйлетуге болады.

5. Монтаж және дайын мультфильм жасау (Туындыны жинақтау): Барлық видеоны бір видеоға жинақтау; титр, субтитр, логотип қосу; сақтау және бөлісу.

Үйірмеге қатысатын оқушылар бұл технологияларды тез меңгеріп жатыр. Олар үшін бұл – үлкен қызығушылық әрі болашақ мамандыққа алғашқы қадам. ЖИ мультфильм жасауды қолжетімді еткенімен, ең бастысы – баланың идеясы

БОЛАШАҚТЫҢ АНИМАЦИЯСЫ:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МУЛЬТФИЛЬМ ЖАСАУ ӨНЕРІН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТУДЕ?



мен шығармашылығы екенін баса айтқым келеді. ЖИ – бұл тек көмекші құрал, ал режиссер – баланың өзі.

Айгүл ОРАЗБЕКОВА,
«Мультимедиялық технологиялар»
үйірмесінің жетекшісі

Мейірімді, аса рахымды Алланың атымен бастайын. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан құрылған «Уақып» қоры жайлы ел ішінде жақсы ұғым қалыптасып үлгерді. Іргесі қаланған күннен бері бұл аталған қор көптеген игілікті істерді атқарып, біршама тың жұмыстардың бастамашысы бола келеді. Олай болса, «уақып» деген не? Әлқисса сөзді осыдан қозғайық. Уақып сөздікте «тоқтату, ұстап тұру» деген мағынаны білдіреді. Ал дінімізде «уақып» ислам өркениетінің маңызды элементтерінің бірін құрайды. Ислам құқығында «уақып» сөзінің термині (яғни осы негізде құрылған уақып қайырымдылық қоры) «жеке мүлкін Аллаға меншік құқығын беру, яғни Алла жолына атап беру, атап берген мүлкін барлығының пайдасы үшін қоғамдық меншікке айналдыру, осылайша өзіндегі күллі меншік құқықтарын жою» деп түсіндіріледі. Демек, уақып ету дегенді мал-дүниенің меншік иесі қолындағы дүниесін немесе тиісті бір бөлігін діни, әлеуметтік және қайырымдылық мақсат үшін мәңгілікке арнап беруі деп түсінсек болады.

Ислам дінінен негіз алған уақып қорының мақсаты – барлық мұқтаж жандарға, жара-тылыстарға жомарттық таныту, оларға мейірімділік көңілмен жақындау арқылы Алланың разылығына ие болу. Уақып ісі қоғамды қайырымдылық желісінде біріктіріп қана қоймай, әлеуметтік тепе-теңдікті сақтайтын қорғанысты қамтамасыз етеді. Мына оқиға уақып ісінің сипаты мен түпкілікті мақсатын әдемі бейнелейді.

Сахаба хазіреті Омар (р.ғ.) бірде Алла Елшісіне (с.ғ.с.) келіп: «Уа, Алланың Елшісі! Мен Хайбар соғысында бұрын-соңды болмаған құндырақ жерге ие болдым. Маған осы жер жайында не айтасыз?» – деді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Қаласаң, оның бастапқы негізін (Алла үшін) сақтап, түскен табыстан ғана пайдасын қайырымдылық ретінде жұмса», – деді. Осыдан кейін хазіреті Омар (р.ғ.) жерін: «Оны сатуға, сыйға тартуға немесе мұраға қалдыруға болмайды. Ол кедейлерге, құлдарды азат етуге, Алла жолындағы істерге және жолаушыларға арналған», – деген шарттармен ғана сыйға тартты (Бұхари, Шурут, 19; Муслим, Уасият, 15). Ал енді бұл оқиға ислам тарихындағы ең әуелгі жасалған уақып деп аталған.

Сахабалар үшін үздіксіз қайырымдылық жасау, мал-дүниесінен уақып ісіне үлес қосу – құнды амал болып саналған. Саңлақ сахабалардың бірі Жабир (р.ғ.): «Мен мұһажирлер мен ансарлардың арасында уақып ісі (яғни қайырымдылық қоры) жоқ бірде-бір адамды білмеймін», – деген екен (Ибн Кудам, әл-Мугни, V, 598). Демек сахабалар қайырымдылықты бір реттік қана жасалатын әдетті емес, үздіксіз жасалатын сауаптың көзіне айналдыра білді.

Үзілмейтін сауаптың көзі дүние-мүлік арқылы уақып жасау. Құдай берген дүниені халықтың қажетіне жұмсап, Алла разылығы үшін атап беруді уақып деп атайды. Қасиетті Құранда «Әли-Имран» сүресінің 92-аятында: «Жақсы көрген нәрселеріңді (дүние-мүлік, күш-қуат, ақыл, білім, т.б.) Алла жолында жұмсамайынша, шынайы түрде жақсылыққа қол жеткізе алмайсыңдар», – делінген. Осы аят түскеннен кейін саңлақ сахабалардың уақып жолында жұмылуы басталды. Оған мына оқиға тіпті дәлел.

Бір күні сахабалар «Нәбәуи» мешітінде жиналып, Алла Елшісінің (с.ғ.с.) әңгімесін тыңдап отырған еді. Бір кезде Пайғамбар (с.ғ.с.) жоғарыда аталған аятты оқыды. Осы бұйрықтан кейін сахабалар қолдарындағының бәрін беруге

алаңдады. Сондай сахабалардың бірі, қолы ашық, жомарт жан иесі – Әбу Талха (р.ғ.) еді. Оның алты жүз құрма ағашы бар бағалы бағы болған және ол оны өте қатты жақсы көретін. Алла Елшісін (с.ғ.с.) осы бақшасына жиі шақырып, жақсылық жасап тұратын. Осы аяттың әсерінен кейін Әбу Талха (р.ғ.) Алла Елшісіне (с.ғ.с.) келіп: «Шын мәнінде, менің мүлкімнің ішіндегі ең қымбаты және ең сүйіктісі – осы «Бәйруха» деп аталатын құрма бақшам. Енді оны Аллаға және Оның Елшісіне тапсырамын. Осы арқылы Раббым мені дұрыс жолға салады және оны ақыретте маған азық етеді деп үміттенемін. Уа, Алланың Елшісі! Құрма бақ сіздікі», - деді. Бұл хабарды естіген әйелі таңдана: «Уа, Әбу Талха! Бұл бақ енді біздікі емес пе?» – деді. Сонда Әбу Талха (р.ғ.): «Жоқ, бұл бақ енді Мәдина

және мейірімділікті әлемге осылай көрсетті. Ислам әлемінің барлық дерлік бөліктерінде кездесетін уақып қорларына көз салсақ көмек қолын созбаған бірде-бір саланы елестету тіпті мүмкін де емес.

Уақып қорлары діни саладан бастап, әлеуметтік-экономикалық салаға дейін өзіндік үлесін тигізе алды. Уақып қорларының қызметі ғибадат үйлеріне жасаған қамқорлықпен шектеліп қалмады. Әралуан салада уақыптың қызметі, еңбегі көрінді. Мәселен уақып қорлары мешіттердің құрылысы, намазхана, құлшылық ордаларын тұрғызуға үлес тигізсе, білім беруге қатысты мектептер, медреселер, кітапханалар және даруль-хадис (хадис мектептері) сияқты мекемелерді тұрғызып, ілім жолындағы студенттерге көмектер жасай алды.

УАҚЫП – ЖАҚСЫЛЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ САУАПТЫ ІС



кедейлерінің меншігінде болады», – деді. Өзінің жасаған осынау қайырымдылық ісіне қатты қуанды. Әйелінің: «Бақшаның үздіксіз сауабын екеуміздің атымызға ма әлде өзіңізге сыйға тарттыңыз ба?» деген сұрағына: «Екеуміздің де атымыздан», – деп жауап берді. Сонда әйелі: «Алла саған разы болсын, Әбу Талха! Айналамыздағы кедейлерді көргенде мен де солай ойлайтынмын. Бірақ саған айтуға батылым бармайтын. Алла біздің жақсылықтарымызды қабыл етсін. Сондықтан мен бақшадан шығып, сенімен бірге боламын», – деген екен.

Ислам тарихы мен өркениетіндегі маңызды қайырымдылық мекемесі ретінде уақып қорлары VIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың аяғына дейін барлық ислам елдерінің әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне терең әсерін тигізді. Қайырымдылық, ізгілік ұғымын терең сезінген Осман империясы уақып аясында қоғамға қажетті көптеген қорларды құрды. Бүгінгі күнге дейін осы іс үзілмей жалғасуда. Қазір күні Түркия еліндегі уақып қорлары қоғам үшін игілікті істерді әлі де атқарып келеді. Тарихқа зер салып қарасақ, уақып қорлары ғасырлар бойы қайырымдылық істерінде ең үлгілі болып қызмет етті. Исламды терең сезінген мұсылман жұрты жүрегіндегі кеңдікті

Экономикалық тұрғыда базарлар, дүкендер, жабық базарлар, қонақ үйлер секілді табыс көзін әкелетін дүниелермен айналысса, ал әлеуметтік сала аясында кедейлерге, жесірлерге, жетімдерге және науқастарға көмек көрсету, кедейлерге баспаналар, ауруханалар, асханалар, моншалар, тіпті қарттарға қамқорлық жасайтын үйлерді де салғызған. Шын мәнінде, уақып жүйесі бүкіл ислам әлемінде болды. Уақып қорлары қоғамның барлық топтарын түгел қамти алды. Сонысымен уақып ісі дараланды. Осыншама уақып қорларын құрған Осман империясы тарихта «қайырымдылықтың өркениеті» деп сипатталған.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адам дүниеден өткенде, оның үш амалынан басқасының бәрі тоқтап қалады. Олар – үзілмейтін садақа, басқаларға пайдасы тиетін білім және салықалы ұрпақтың оған (ата-анасына) арнап жасайтын дұғасы», – деп айтқан (имам Мұслим). Адам дүниеден өткесін амалдары расында тоқтайды. Ал дүниедегі жасаған үш амалының сауабы тоқтаусыз жалғаса береді екен. Соның бірі – үзілмейтін садақа жасап қалдыру. Мәселен, жол салу, құдық қазып, су көзін шығару, мектеп, мешіт-медресе секілді құлшылық-білім ошақтарын

тұрғызу мұның барлығы тоқтаусыз жалғасатын ізгі де сауап амалдар.

Заманында сұлтандар, билеушілер, байлар небір дүниені жамбасына басса да, жақсылық пен ізгілік жолында сарп етілмегені үшін оларға бақыт әкелмей, түбі оларды бақытсыздыққа ұшыратып отырды. Жоғарыдағы хадисті терең түсінген ислам ұлылары «Нағыз байлық – жақсылық жолында жұмсалған дүние» деген рухани ұғымды қалыптастырды. Расында солай. Дана халқымыз: «Баймын деп ешқашан шалқыма, дүние қолдың кірі», – деп айтқан. Уақытша берілген дүние алынады, ол басқаның қолына беріледі. Сондықтан дүние-байлықпен жақсылық жасап, ізгілікті істерді артқа қалдыру керек деп түйген.

Бір данышпан адамнан: «Сұлтандарға қазына керек пе?» – деп сұрайды. Сонда дана адам: «Шынайы бір қазына бар. Бұл сұлтандарға қажет нәрсе», – деп жауап береді. Олар таңқалып: «Бұл шынайы қазына деген не?» – деп сұрайды. Әлгі данышпан: «Қарапайым халықтың дұғалары – сұлтандар үшін нағыз қазына», – деген екен. Дүниенің бір бөлігін кедей-кепшікке, жоқ-жітікке, қоғамның игіліктеріне уақып етіп жұмсау шынында халықтың көңіліне жола ашады, олардың дұғаларынан еш қалыс қалмайды.

Уақып ұғымы қазақ халқы үшін жат емес. Атауы ел жадыдан шықса да, іс-амалы күні бүгінге дейін тоқтаусыз жалғасып жетті. Ер түріктің бесігі аталған Түркістан шаһарын кесенесіз елестету мүмкін емес. Ақсақ Темір 1397-1405 жылдары Қожа Ахмет Ясауи бабамызға арнап салғызған осы кесене-мешіті. Бұл кесене күні бүгінге дейін әлем назарын өзіне аударып таңқалдырып келеді. Ақсақ Темір осы кесене-мешітті өз қаражатымен уақып етіп салып, кейінге «уақыпнама» қалдырған. (Толық ақпаратты М.Е.Массонның «Қожа Ахмет Иасауи кесенесі» атты еңбегінен білуге болады) Қасиетті Мекке жеріне қажылық жасауға барған Құнанбай да «Тақия» қонақ үйін тұрғызады. Осылайша мұны елден келетін қажылар үшін уақып жасаған. Баласы хакім Абай:

Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына,
Малды аямай бұлапты, – деп әкесінің игі ісін осылай атаған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арнайы «Уақып» қорын құрды. Бабалар ізін жалғайық деген мақсаты. Бүгінгі күні «Уақып» қорының жұмыстары халыққа жан-жақты насихатталуда. Нәтижесінде «Уақып» қорына кей азаматтар өз мүліктерін тіркеуде. Осындай ізгі істерімен сауапқа атсалысып, Алла жолында садақа жасауда. Құдай жолында уақып ретінде берілген садақаның сауабы үзілмейді, тоқтаусыз жалғасын таба береді. Асыл дініміз өзгелерге көмектесуге, қол үшін беруге шақырады. Алланың разылығын қалап, игі істер үшін уақып беру өзімізге де, өмірімізге де, қоғамға да ең қажетті іс.

Оңталап ЖИДЕБАЕВ,
ҚМДБ, «Уақып» қорының
Қызылорда облысы бойынша өкілі

ДЕЖАВЮ: ҚҰПИЯ ҚҰБЫЛЫС

Кейде адам мүлде жаңа жерде тұрса да дәл осы сәтті бұрын бастан өткергендей күй кешеді. Жаңа танысқан адам, бұрын бармаған көше, алғаш естіген әңгіме – бәрі де болған, көрген сәттер сияқты таныс әсер қалдырады. Міне, осы ерекше психологиялық құбылыс «дежавю» деп аталады.

Дежавю – француз тілінен аударғанда «бұрын көргенмін» деген мағынаны білдіреді. Бұл – адамның қазіргі сәтті бұрын бастан өткергендей сезінуі. Сондай-ақ ол шынайы естелік емес, тек мидың «таныстық иллюзиясы». Яғни, жағдай расында алғаш рет болып жатыр, бірақ ми оны қателесіп «ескі ақпарат» ретінде қабылдайды.

Ғалымдардың айтуынша, адамдардың шамамен 60-80% өмірінде кемінде бір рет дежавю сезінеді. Көбіне 15-25 жас аралығында жиі кездеседі деседі.

Дежавю – мистика емес, нейрпсихологиялық құбылыс. Оның бірнеше ғылыми түсіндірмесі бар. Ми ақпаратты екі жолмен өңдейді, бірі – жаңа жағдайды қабылдау, екіншісі – естеліктерді тану. Кейде осы екі жүйе қатар іске қосылып кетеді. Нәтижесінде ми жаңа сәтті «бұрын болған» деп қате тіркейді.

Кей теория бойынша, көзбен келген ақпарат миға бір мезетте емес, микросекундтық айырмашылықпен жетуі мүмкін. Бір бөлігі ертерек өңделіп, ми оны «ескі» деп белгілейді, ал екіншісі «жаңа» ретінде қабылданады. Осыдан «бұрын көргендей» әсер туады. Аталған жайдың тағы бір себебі ұйқының жетіспеуі, эмоционалдық күйзеліс, шамадан тыс ой жүктемесі мидың жұмыс ырғағын бұзып, дежавюді жиілетуі мүмкін.

Зерттеулерге сүйенсек, дежавю көбіне жас адамдарда, шығармашылық қиялы күшті жандарда, жиі саяхаттайтын адамдарда және шаршаған немесе ұйқысы қанбаған кезде байқалады екен.

Діни тұрғыда алып қарайтын босақ, аталған құбылысқа қатысты ислам дінінде де, христиан дінінде де нақты деректер айтылмаған. Десе де ислам діні өкілдерінің атуынша, мұның астарында «Ләузул-Махфуз» тағдыр кітабы жатыр. Яки адам қандай да бір оқиға қайталанып жатқандай сезінсе, оны дінде тұс әлемінде көрген сәттердің жадымызда сақталып қалған үзіктерімен байланыстырады. Көп жағдайда дежавю – қалыпты құбылыс және денсаулыққа зиян емес. Алайда дежавю өте жиі қайталанса, бас айналу, ес жоғалту қатар жүрсе және уақытты, орынды шатастыру байқалса дәрігерге қаралған дұрыс. Себебі сирек жағдайда ол эпилепсияның самай бөлігімен байланысты түрінің белгісі болуы мүмкін.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша дежавю әсерінің 7 түрі бар. Алғашқысы жоғарыда атап өткеніміздей, ең танымал «классикалық дежавю». Бұл кезде адам белгілі бір жағдайды, орынды немесе сәтті бұрын бастан өткергендей сезінеді. Бірақ нақты қашан, қай жерде болғанын есіне түсіре алмайды.

Екіншісі «дежа веку» – дежавюден де терең сезім. Мұнда адам тек көріністі емес, иіс, дыбыс, атмосфераны да танығандай болады. Кейде «қазір не болатынын білемін» деген сезім пайда болады. Фильмдердегі болашақты алдын ала сезетін көріністер осы құбылысқа ұқсас.

Үшіншісі «дежа визите» өте сирек кездесетін құбылыс. Адам бұрын болмаған жерде өзін еркін сезінеді, тіпті бағыт-бағдарды білгендей болады. Мысалы, жаңа қалаға барса да, көшелерді «танып» тұрғандай әсер алады. Бұл құбылыс кеністік пен орынға қатысты.

Төртінші түрі – «дежа сенти». Бұл – белгілі бір сезімнің қайта оралуы. Көбіне дауыс естігенде, бір жазбаны оқығанда немесе естелікке толы жерге барғанда пайда болады. Басқа түрлерден ерекшелігі, мұнда ешқандай «тылсым» әсер жоқ, тек эмоционалдық жады іске қосылады.

Бесінші құбылыс «жамевию» – дежавюдің керісінше түрі. Адамға таныс нәрсе кенеттен бөтен көрінеді. Мысалы, жақсы білетін сөзге қарап, оның мағынасы жоқтай сезінуіңіз мүмкін. Ғалымдар мұны ми шаршағанда пайда болатын уақытша құбылыс деп түсіндіреді.

Алтыншысы «пресквию» – халық арасында «тілімнің ұшында тұр» дейтін жағдай. Адам сөзді біледі, бірақ есіне түсіре алмайды. Алғашқы әрпін немесе мағынасын шамалайды, бірақ толық айта алмай қиналады. Сөз есімізге түскенде үлкен жеңілдікті сезінеміз.

Ал соңғысы – «баспалдақ ақыл» немесе «кеш келген ой» деп аталады. Бұл – керемет жауап немесе тапқыр сөз ойға тым кеш келетін жағдай. Біреу сізді ренжітті, ал сіздің өткір жауабыңыз әңгіме біткен соң ғана ойға келеді. Қазақы түсінікке жақын баламасы «ақылы кейін кіру».

Дежавюдің әрбір түрі мидың ақпаратты өңдеу тәсілдерінің ерекшелігін көрсетеді. Кейде бұл шаршаудан, күйзелістен немесе ақпараттың шамадан тыс жүктелуінен туындауы мүмкін.

Дежавю – адамның жады, сана және уақытты қабылдау механизмдерінің күрделілігін көрсететін феномен. Ол мидың шексіз мүмкіндіктері бар екенін дәлелдейді. Біз өз санамызды толық түсініп болмағандықтан, ғылымда дежавю әлі де құпия күйінде қалып отыр.

Дежавю – болашақты болжау да, өткен өмірдің белгісі де емес. Бұл мидың ақпаратты өңдеу кезіндегі кішкентай «қателігі». Бірақ дәл осы «қателік» адам санасының қаншалықты күрделі әрі ғажайып екенін көрсетеді. Егер сен де бір сәтке тоқтап, «мен мұны бұрын көргенмін» деп тан қалған кезің болса, сен жалғыз емессің. Бұл адамзатқа ортақ құбылыс.

А.МАРАТҚЫЗЫ

14 АҚПАН — ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КІТАП СҢЙЛАУ КҰНІ

14 ақпан десе көпшіліктің ойына бірден «Ғашықтар күні» түсетіні жасырын емес. Алайда соңғы жылдары дәл осы күні әлемде рухани құндылығы жоғары, мейірім мен білімге толы тағы бір мереке көңінен таралып келеді. Ол – Халықаралық кітап сыйлау күні. Хәкім Абай: «Артық ғылым кітапта, Ерінбе оқып көруге» – деп, адамзатты білім мен ғылымға шақырған еді. Осы атаулы мерекеге орай «100 кітап» жалпыұлттық жобасының қорытындысына сүйене отырып, оқырмандарымызға Қазақстандағы ең көп оқылатын 5 үздік туындыны ұсынамыз.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТОП-5 СҰЙІКТІ КІТАБЫ

Қазақстандықтардың ең сүйікті әрі үстел үстінен түспейтін кітабы – Ұлы Абайдың қара сөздері. Бұл – адамдық, даналық және имандылық туралы терең ой толғайтын, уақыт өтсе де маңызын жоғалтпайтын философиялық туынды. Оның жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, Абайдың философиялық тұжырымдары әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпай, халыққа ақ жол сілтеп отыр.

Екінші орында қазақ әдебиетіндегі махаббат трагедиясы аталатын шығарма тұр. Бұл – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастаны. Онда екі жастың мұңды тағдыры, махаббат жолындағы тартысы суреттеледі. Абайдың тәрбиесін көріп өскен Шәкәрім кейін қазақ ұлты танитын дара тұлға атанды. Оның шығармалары – ел қамын жеген ата-баба ойларының көрінісі.

Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы, Бұл екі істен болмайды өмір босы. Досыңды жау, дұшпанды дос көрсетіп, Көзді байлап нәпсінің қылғаны осы, – деп

жырлады Шәкәрім.

Үздік үштікті түйіндейтін шығарма – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман. Әрине, бұл – Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамалы». Әйел теңсіздігі мен ескі қоғамның кертартпа тұстарын ашып көрсеткен туынды әлі күнге дейін оқырманды бейжай қалдырмайды. Дулатов бұл тақырыпты ғасырдан астам уақыт бұрын қозғаса да, мәселе қазір де өзектілігін жоғалтпады. Америкалық жазушы Дороти Паркер: «Сізді ойлауға мәжбүр ететін кітап қана өз міндетін толық атқарған кітап» – дейді. Сол тізімнен Міржақыптың да туындылары орын алады. Әйтпесе, оның шығармасы бүкіл елді дүрбеленге салған туындылар қатарынан табылмас еді.

Төртінші орында – қазақ прозасындағы психологиялық тереңдігімен ерекшеленетін Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы. Аумалы-төкпелі замандағы қазақ қызының қиын тағдыры мен рухының мықтылығын шынайы баяндайтын бұл туындыны жастардың қолынан жиі байқаймыз.

Әдебиеттанушы ғалым Серік Қирабаев: «Ақбілектің ауылдың өсек-аянынан құтылып, қаладан бақыттың табуы – жаңа өмірдің салтанат құруы. Ол – білім алып, қатарға қосылған алғашқы қазақ әйелдерінің өкілі» – дейді.

Топ-5 тізімді қорытындылайтын шығарма да әйел теңдігі мәселесінің өзегін айқындайды. Ол – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы. Сұлулық пен нәзіктіктің дәрекі күш пен әділетсіздікке қарсы дәрменсіздігін суреттейтін классика. Торайғыровтың ескі құдалық пен көп әйел алу салтын сынға алып, әйелдердің білім іздеп, еркіндікке ұмтылуын дәріптеуі қазақ қоғамына, әсіресе әйелдер қауымына зор серпіліс бергені әлі де ұмытылмайды.

Мұхтар Әуезов «Білген, көрген болмысынан туған шындық кітабы болып шыға алса, содан арғы зорғы мұраты жоқ» дейді. Сондықтан мейрам күні жақыныңызды қуантып, кітап сыйлаңыз.

Мейір НИЕТ

Әулие Валентин күні жақындағанда, базар сөрелерінде түрлі-түсті қағаздан жасалған ашық хаттар, қос ғашықтың суреті бейнеленген қызылды-жасылды бұйымдар жайнап тұрады. Орталық базар сатушысының бірімен тілдескенімізде, мұндай бұйымдар, негізінен, көрші елдерден әкелінетінін, ал оған студенттер мен оқушылар тарапынан сұраныстың жоғары екенін айтады.



– Мен Наурыз, Жаңа жыл секілді мерекелерге арналған құттықтау қағаздарын сатумен айналысамын. Ал Әулие Валентин күніне арналған бұйымдарды жыл басында арнайы әкеліп қоямын. Тауарлар ақпан айының 12-13 күндері өтімді болады, – дейді Абылай есімді сатушы.

Бұл мереке әлі күнге дейін жастар арасындакең көлемде аталып өтіледі. Көрші Ресей халқының 80 пайызы осы күнді атаусыз қалдырмайтын болса, оның 64 пайызы сыйлық алғанды құп көреді. Бұл орайда біздің елдегілер де ресейліктерден кем түспей отыр.

Әулие Валентин кім болған?

Әулие Валентинге қатысты бірқатар аңыз бар. Солардың бірінде христиан діні алғаш тараған жылдарда Валентин есімді католик шіркеуінің қызметкері болғаны туралы айтылады. Ол Рим императоры Клавдий II тұсында өмір сүрген. Сол уақытта жас жігіттер әскерге бармау үшін ерте үйленетін болыпты. Мұндай қулықтың алдын алу үшін Клавдий II олардың әскерге бармай тұрып үйленуіне тыйым салады. Ал Валентин пірадар болса, оларды құпия түрде некелестіріп отырған. Оның әрекеті әшкереленіп, 14 ақпан күні басы шабылады. Кейінірек 469 жылы Римнің Геласиус деген императоры бұл күнді Әулие Валентин күні деп жариялаған. Тағы бір аңызда Валентиннің дін қызметкері екені, христиандарға көмектескені үшін түрмеге қамалғаны, оның түрме қызметкеріне ғашық болғаны, осы ісі әшкере болып басының кесілгені жөнінде айтылса, енді бірінде Валентин шіркеу қызметшісі болғандықтан, қызға сезімін білдіре алмай, оған жүрек тәрізді хаттар жолдайтыны баяндалған. Кейін оның ісі әшкереленіп, жазаға тартылады. Әулие Валентин күнін Батыс Еуропа елдері XIII ғасырдан бастаса, АҚШ 1777 жылдан бастап мерекелеуде.

Ресейде бұл мереке токсаныншы жылдардан бастап енгізілген. Біздің елімізде де осы Әулие Валентин күнін атап өту жастар арасында дәстүрге айналғаны қынжылтады. Аталған мерекенің шығу тарихынан жастардың көпшілігі бейхабар. Тіпті католик шіркеу қызметшісінің атымен аталып кеткен бұл күнді қазір дәл сол шіркеу мойындамайтын көрінеді.

Жастар және ...

Әуелде Әулие Валентин күні мерекесінде жастар жиналып тойлаған. Мереке күні қыздар есімдері жазылған қағазды қораптың ішіне тастайды. Ал жігіттер одан бір қағазды таңдайды. Онда кімнің есімі жазылса, мереке күні сол есімге айналатын көрінеді. Қазіргі таңда мерекенің рәсімі сәл өзгеріп, қорапшаға қыз да, жігіт те өзіне ұнаған адамға ғашықтық сезімін білдіріп хат жазды. Осыған қарап, кім кімге ұнағанын біледі. Кейбір жоғары оқу орындарында бұл рәсім әлі де бар.

Жалпы бұл күнді жастар не үшін тойлайды? Осы орайда бірқатар жастың пікірін білген едік. Бұл жөнінде Болашақ университетінің студенті Айжан Нағымтөпен пікірлестік.

– Оқушы кезімізде Әулие Валентиннің кім екенін білмесек те, он төртінші ақпанда «Махаббат күні» ретінде қарсы алатын едік. Мектепте арнайы шара ұйымдастырылмайды. Бірақ өзіміз осы күні ұнаған адамымызға құттықтау хатын жолдап, тілегімізді білдіретінбіз. Ал есейе келе, мәнісін түсініп, мереке ретінде қабылдамайтын болдық. Себебі қазақ жастарының әулие тұтып жүргені жәй ғана шіркеу қызметкері, тіпті бұл біздің дінімізге таңсық адам. Өзім қатарлы жастарға осы күннің тарихын түсіндіруге тырысамын, – дейді.

Сол секілді қала тұрғыны Жандос Аманхан да өз ойын білдірді.

– Өз басым Әулие Валентин күнін тойлауға қарсымын. Өзге елдің салтын насихаттап жүрміз. Ессесіне Қыз Жібек пен Төлегеннің немесе Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күнін неге атап өтпесек?! Олардың арасындағы махаббат Валентиннің махаббатынан әлсіз деп ешкім айта алмайды, – дейді ол.

Бүгінгі жастардың көпшілігі осы күннің тарихын нақты білмей, тойлайтыны белгілі. Сосын жеңіл сезімге бой алдырып, көңілді кеш ұйымдастырып, соңында келенсіз жағдайлар орын алып жатады. Сондықтан жастар әрбір даталы мерекенің маңызын түсініп, астарына үніліп көрсе дейміз.

Айтпақшы, 14 ақпан – «Халықаралық кітап сыйлау күні» екенін бірі білсе, бірі білмейді. Ал ғашықтар күнін біздің ел 15 сәуірде тойлайды.

Нұр БАҚЫТ

БАСҚА ӘЛЕМНІҢ БАРЫНА СЕНЕСІЗ БЕ?

Ғаламның пайда болуы туралы қазіргі ең танымал теория – Үлкен жарылыс (Big Bang). Ғалымдардың есептеуінше, шамамен 13,8 миллиард жыл бұрын барша кеңістік пен уақыт аса тығыз әрі ыстық нүктеден бастау алған. Сол бір алғашқы сәттен бастап кеңістік кеңейіп, жұлдыздар, галактикалар, планеталар қалыптасты. Біз өмір сүріп отырған Жер – осы ұлы космостық эволюцияның кішкентай ғана бөлшегі. Қазір біз озық технологиялардың көмегімен бұл көріністің иллюстрациясын көре аламыз. Қарап тұрсақ, біз осыныша үлкен жүйенің тамшыдан да кішкентай бөлшегіміз.

Алайда кейінгі онжылдықта зерттеушілерді ерекше толандырып жүрген тағы бір ой – көп әлем теориясы. Кейбір физиктер біздің ғалам жалғыз емес, сансыз параллель әлемдердің бірі болуы мүмкін деп болжайды. Кванттық физикадағы «көп әлем интерпретациясы» әрбір ықтимал оқиға жүзеге асатын бөлек шындықтар болуы мүмкін екенін айтады. Демек бір жерде дәл сіздің басқа нұсқаңыз өмір сүріп жатқан болуы ықтимал. Бұл теорияны «MARVEL» киностудиясы ұсынған «Мстители» көпбөлімді фильмдері мен сериалдары арқылы көріп жүрміз. Елестетінінші, дәл сіз сияқты адам, бірақ басқа әлемде, өзге өлшемде өмір сүреді.

Ғарыш кеңістігіндегі өзге өркениеттерді іздеу де қызу жүріп жатыр. «NASA» тіпті кейбір жылдары белгісіз ұшатын нысандардың бар екенін дәлелдейтін бейнетаспаларды жариялаған еді. «SETI» бағдарламасы (Search for Extraterrestrial Intelligence) ондаған жыл бойы ғарыштан келетін радиосигналдарды бақылап келеді. «NASA» мен басқа агенттіктер Марс, Еуропа, Энцелад сияқты мұзды айларда тіршілікке қолайлы жағдай болуы мүмкін екенін анықтады. Бұл айларда сұйық мұхиттардың болуы – микробтық тіршілікке мүмкіндік бар деген сөз.

2017 жылы астрономдар «Оумуамуа» деп аталған ерекше жұлдызаралық нысанды тіркеді. Оның қозғалысы мен пішіні ғалымдарды таңғалдырды. Кейбір зерттеушілер оны табиғи астероид деп санаса, енді бірі бұл жасанды құрылым болуы мүмкін деген батыл пікір айтты. Әрине нақты дәлел жоқ. Бірақ бұл оқиға ғарыштағы белгісіз құбылыстардың әлі де көп екенін көрсетіп отыр.

Ғалымдардың пікірінше, біздің құс жолы галактикасында өмірге қолайлы миллиардтаған планета болуы мүмкін. Егер солай болса, тіршіліктің тек Жерде ғана пайда болуы тым кездейсоқ көрінбейді ме? Мүмкін біз әлі байланыс орната алмаған өркениеттер бар шығар. Әлде олар бізден әлдеқайда дамығандықтан, бізді байқамай ма?

Кейбір философтар мен космологтар адамзаттың ғаламдағы рөліне жаңа көзқараспен қарауды ұсынады. Әлем біз арқылы өзіне қарап тұрғандай әсер қалдырады.

Бәлкім, бір күні біз өзге өркениеттерден белгі алармыз немесе өзіміз басқа жұлдыздарға сапар шегіп, жаңа әлемдердің табалдырығын аттармыз. Бірақ сол күн келгенше, бізге бір ғана дүние анық: ғалам біз ойлағаннан әлдеқайда кең әрі құпияға толы.

Ендеше, шексіз кеңістікте бізді кім күтіп тұр? Егер басқа әлемдер шынымен бар болса, олар біздің тағдырымызды өзгерте ме?

Қорлан САРЫ



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz
	Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ Таралымы: 5110 Тапсырыс: 243